**Тіркелген авиациялық электр байланысы желісіндегі жұмыс жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті Төрағасының 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 180 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 22 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3168. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2011 жылғы 28 маусымдағы № 403 бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2011 жылғы 28 маусымдағы № 403 (3-тармақты қараңыз) бұйрығымен.

"Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына , "Әуе кеңістігін пайдалану және Қазақстан Республикасы авиациясының қызметі туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2697 заңдық күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қосымша беріліп отырған Тіркелген авиациялық электр байланысы желісіндегі жұмыс жөніндегі Нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

*Төраға*

Келісілген:
*Қазақстан Республикасы ақпараттандыру және байланыс жөніндегі Агенттігі төрағасының міндетін атқарушы*
_________________________

2004 ж. 24 қыркүйек

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитетінің төрағасы бұйрығымен бекітілген 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 180 "Тіркелген авиациялық электр

байланысы желісіндегі жұмыс жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы"

## Тіркелген авиациялық электр байланысы желісіндегі жұмыс жөніндегі Нұсқаулық 1 Тарау. Негізгі ережелер

1. Қазақстан Республикасы тіркелген авиациялық электр байланысы желісіндегі (бұдан әрі - AFTN) жұмыс жөніндегі Нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) аэронавигациялық қызмет көрсету практикасы және ережелерімен ұсынылған халықаралық стандарттарға сәйкес әзірленген, "Авиациялық электр байланысы, халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияға 10 қосымша II том".

2. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы AFTN желісінде ұйымдастыру мен байланыс жүргізудің негізгі принциптерін анықтайды.

3. Осы Ережеде келесі терминдер мен анықтаулар қолданылады:

1) абонент (желіні пайдаланушы) - берілген индексі бар және өз қызметінде AFTN желісін пайдаланатын ұйым, қызмет немесе лауазымдық тұлға;

2) авиациялық әуе электр байланысы - борттық және авиациялық станциялар арасындағы немесе борттық станциялар арасындағы радиобайланыс;

3) авиациялық жерүсті электр байланысы - негізінен, аэронавигация қауіпсіздігін, сондай-ақ әуе қатынастарының тұрақтылығын, тиімділігін және үнемділігін қамтамасыз ету үшін арналған тіркелген белгілі пункттер арасындағы электр байланысы;

4) тіркелген авиациялық станция - авиациялық жерүсті электр байланысының станциясы;

5) апат - күрделі және/немесе тікелей қауіп бар күй және дереу көмек қажет;

6) борттық станция - әуе кемесінің бортында орнатылған авиациялық әуе электр байланысының жылжымалы станциясы;

7) қайта тарату уақыты - хабар толығымен осы орталықта қабылданған сәттен бастап, шығыс тізбек арқылы толық жіберілген сәтке дейінгі уақыт;

8) желіге жіберу уақыты - AFTN станциясына жеделхаттың түсу сәтінен хабарды арнаға жіберуді бастағанға дейінгі уақыт аралығы. Кесте бойынша жұмыс істейтін AFTN станциялары үшін желіге жіберу уақыты байланыс сеансының басталуынан саналады;

9) өту уақыты - желі арқылы жіберу үшін AFTN станциясына хабарды беру

сәтінен бұл хабардың адресатқа түсу сәтіне дейінгі уақыт;

10) AFTN кіру және шығу пункттері - ИКАО-ның аэронавигациялық өңіріне AFTN кіру және шығу трафиктері өтуге тиіс орталықтар;

11) берілген тізбек (маршрут), маршруттану (AFTN) - қабылданғаннан жеткізгенге дейінгі хабарды жіберудің таңдалған жолы;

12) тұрған орынның индексі - тіркелген авиациялық станцияның тұрған орнын белгілеу үшін ИКАО ережелеріне сәйкес құрастырылған төрт әріпті коды бар топ;

13) электр байланысының арнасы (жіберу арнасы) - электр байланысының екі станциясы арасындағы тікелей байланыстың жалғыз құралы болып табылатын техникалық құралдар мен электрлік белгілер мен радиобелгілерді тарату ортасының жиынтығы;

14) ұшу-пайдалану агенттігі - әуе кемелерін пайдалануды жүзеге асыратын немесе осы салада өз қызметін ұсынатын тұлға, ұйым немесе кәсіпорын;

15) аяққы станция (АС) - тек кіріс және шығыс хабарларды өңдеуді қамтамасыз ететін AFTN станциясы;

16) авиациялық электр байланысы органы - авиациялық электр байланысы қызметінің бір немесе бірнеше станцияларын пайдалану үшін жауапты орган;

17) жөнелтуші - тиісті өкілеттігі бар және желіге жіберу үшін жеделхатқа қол қойған лауазымдық тұлға;

18) өкілетті орган - авиациялық электр байланысының халықаралық қызметі халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияның 10 қосымшасы II томында көрсетілген ережелерге сәйкес өз жұмысын жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін жауапты мемлекет тағайындаған ұйым;

19) үзбелі таспасы бар қайта тарату қондырғысы - хабарлар телетайп таспасында қабылданатын және қайта таратылатын телетайп қондырғысы, ал хабарларды қайта тарату бойынша барлық операциялар оператордың кірісу нәтижесі болып табылады;

20) хабар - желі бойынша өтетін және осы желімен анықталатын форматы бар ақпарат;

21) AFTN станциясы - AFTN-ның бөлігі болып табылатын және мемлекет рұқсатымен немесе бақылауымен осы сияқты қолданылатын станция;

22) AFTN-ның тағайындалған станциясы - хабарлар адресатқа жергілікті жеткізу үшін жолданатын AFTN станциясы;

23) AFTN-ның жөнелту станциясы - AFTN желісі бойынша жіберу үшін жеделхаттар түсетін AFTN станциясы;

24) тіркелген авиациялық электр байланыс желісі (AFTN) - авиациялық жерүсті электр байланысының бөлігі болып табылатын және ұқсас немесе бірге тіркесетін байланыс сипаттамалары бар тіркелген авиациялық станциялар

арасында хабарлар және/немесе цифрлық мәліметтермен алмасуды көздейтін тіркелген авиациялық тізбектердің әлемдік жүйесі;

25) жеделхат - белгіленген нысан бойынша жөнелтуші құрастырған және желіге жіберу үшін авиациялық электр байланыс станциясына ұсынылған құжат;

26) хабар форматы - халықаралық шарттар мен рәсімдер негізінде қабылданған желіде хабарлармен алмасу тәртібі;

27) AFTN-ның хабарларды қатынастыру орталығы (AFTN ХҚО) аппарат құралдары мен бағдарламалық қамтамасыз етуді қамтитын AFTN байланыс орталығы және негізінен, хабарларды қайта тарату үшін арналған;

28) AFTN-ның байланыс орталығы - AFTN станциясы, оның негізгі мақсаты онымен байланысқан басқа AFTN станцияларынан AFTN трафигін қайта тарату болып табылады.

29) тізбек (маршрут) - екі станция арасында AFTN-ның барлық тікелей арналарын қамтитын байланыс жүйесі.

4. Тіркелген авиациялық электр байланыс желісінде келесі хабарлар өңделеді:

апат туралы хабарлар;
жедел хабарлар;
ұшу қауіпсіздігіне қатысты хабарлар;
метеорологиялық хабарлар;
ұшу тұрақтылығына қатысты хабарлар;
аэронавигациялық ақпарат қызметінің (ААҚ) хабарлары;
авиациялық әкімшілік хабарлары;
қызметтік хабарлар;
жеделділігі жоғары хабарлар.

5. Авиациялық электр байланыс қызметінің барлық станциялары үйлестірілген әлемдік уақытты (UTC) пайдаланады. Тәуліктің соңы болып түн ортасы, яғни 24.00, ал басы - 00.00 есептеледі.

6. "Күн - уақыт" тобы алты цифрдан тұрады; алғашқы екі цифр айдың күнін, ал соңғы төртеуі - сағат пен минутты (UTC) білдіреді.

## 2 Тарау. Тіркелген авиациялық электр байланыс желісіне қойылатын талаптар

7. AFTN желісіне негізгі талаптар:
жұмыстың жоғары сенімділігі және үздіксіздігі;

хабарларды жіберудің қажетті жылдамдығын қамтамасыз ету;
жіберілетін ақпараттың ең жоғарғы анықтылығын қамтамасыз ету;
ең жоғарғы үнемділік пен тиімділікті қамтамасыз ету.

1) желі жұмысының жоғары сенімділігі мен үздіксіздігіне мыналар арқылы қол жеткізіледі:

оны пайдалану барысында жағдайдың мүмкін болатын өзгерістерін есепке алып желіні дұрыс ұйымдастыру;
айналма бағыттарды құру;
резервте қажетті жабдықтың болуы және әрдайым дайын болуы;
жабдықтың техникалық пайдаланылуын тиісті ұйымдастыру;
желіге қызмет көрсететін жеке құрамды арнайы дайындау;

2) хабарларды жіберудің қажетті жылдамдығын қамтамасыз етуге мыналар арқылы қол жеткізіледі:

желіні оңтайлы ұйымдастыру;
арналардың оңтайлы бос еместігі;
AFTN станцияларының тез жұмыс істейтін және автоматтандырылған жабдығын қолдану;

3) жіберілетін ақпараттың ең жоғарғы анықтылығын қамтамасыз етуге мыналар арқылы қол жеткізіледі:

байланыстың жоғары сапалы арналарын қолдану;
хабарларды жоғары білікті мамандардың өңдеуі;
хабарларды жіберу кезінде қателерді табу мен түзетуді қамтамасыз ететін арнайы аппаратура мен бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану;

4) желінің ең жоғарғы үнемділігі мен тиімділігін қамтамасыз етуге мыналар арқылы қол жеткізіледі:

желіні құрудың оңтайлы принциптерін таңдау;
хабарларды қатынастырудың автоматты орталықтарын және соңғы станцияларды енгізу;
жабдықтың дұрыс техникалық пайдаланылуы;
жабдық пен арналарды оңтайлы резервтеу.

8. Байланыс тәртібін қатаң сақтау азаматтық авиацияның электр байланысына қойылатын талаптарды орындау шарты болып табылады.

AFTN желісінде байланыс тәртібі - бұл басшылыққа алатын құжаттармен анықталатын ережелер мен форматтарды дәл сақтау, байланыс құралдарын пайдалану және желідегі маршруттану тәртібін анықтайтын AFTN станцияларының нұсқауларын орындау.

## 3 Тарау. AFTN желісінің құрылымы және ұйымдастыру

9. AFTN желісі, негізінен, аэронавигация қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін және, қосымша, әуе қатынастарының тұрақты, тиімді және үнемді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін арналған.

10. Желі AFTN-ның қайта тарату станцияларының жүйесін пайдалану негізінде "Жоспарлау және тіркелген авиациялық қызмет желісінің техникасы бойынша нұсқауға" (ИКАО DOC 8259) сәйкес тұрғызылуға тиіс.

11. Қазақстан Республикасының тіркелген авиациялық электр байланыс жүйесі тарамды-түйінді сұлба бойынша ұйымдастырылған және мыналардан тұрады:

хабарларды қатынастырудың бас орталығы (ХҚБО);
аймақтар хабарларын қатынастыру орталықтары (АХҚО);
аудандар хабарларын қатынастыру орталықтары (АХҚО);
хабарларды қатынастырудың аяққы орталықтары (ХҚАО);
AFTN-ның аяққы орталықтары (АО).

12. Желіні жоспарлау, дамыту, ұйымдастыру және басқаруды әуе қозғалысын ұйымдастыратын және ұшу мен байланысты қамтамасыз етудің радиотехникалық құралдарын пайдаланатын мемлекеттік кәсіпорын жүзеге асырады.

13. Желіні шұғыл басқаруды өкілетті органның Хабарларды қатынастыру бас орталығы жүзеге асырады.

14. Желінің халықаралық трафик үшін кіру/шығу нүктелері бар.

15. Желіні ұйымдастыру үшін жалдау құқығы негізінде электр байланысының жалпы мемлекеттік желі арналары және кәсіпорын ұйымдастырған электр байланысының меншік арналары пайдаланылады.

16. Байланыстың әр бағытындағы арналардың (телеграфтық немесе мәліметтерді жіберу) түрі мен саны, арналардың өткізу қабілеті мен айналма жолдарды ұйымдастыру қажеттігін ескеріп, ақпарат көлеміне байланысты есептеумен анықталады.

17. AFTN станциялары арасында тікелей сым немесе спутник арналарын резервтеу үшін байланыстың барлық түрлері пайдаланылуға тиіс.

18. Желі хабарларды қатынастырудың орталықтары (ХҚО) мен аяққы станцияларды (АС) кәсіпорын филиалдары орналасқан жерлерге байлаумен қамтамасыз етілген тұрақты сипатқа ие.

19. Желіге қосылатын жабдық Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген стандарттар мен нормаларға сәйкес келуі керек.

## 4 Тарау. Жеделхаттарды құру және AFTN станциясына жіберу 1. Хабарлар түрлері

20. Хабарлар, оларды өңдеу сатысына байланысты (AFTN станциялары арқылы өту), мыналарға бөлінеді:

шығыс - жөнелтушілерден қабылданған және AFTN-ның осы станциясынан желіге жіберілген;

транзиттік - AFTN байланысының осы орталығы арқылы өтетін және сонда өңделетін;

кіріс - желіден AFTN-ның осы станциясына түскен және осы станцияның адресаттарына жеткізілуге тиіс.

21. Хабарлар, жөнелтуші құрған мекен-жай жолына байланысты, мыналарға бөлінеді:

бір мекен-жайлы - мекен-жай жолында адресаттың бір индексі бар;

көп мекен-жайлы - мекен-жай жолында адресаттың екі немесе одан көп индексі немесе алдын ала анықталған тарату үшін мекен-жай индексі бар.

22. Хабарлар, олардың мәтіндері мен өңдеу тәсіліне байланысты, мыналарға бөлінеді:

нысандалған - мәтіні қатаң белгіленген нысан бойынша құрастырылған;

жай (мағыналық).

## 2. Хабарлардың санаттары

23. Тіркелген авиациялық электр байланыс желісінде хабарлардың келесі санаттары өңделеді:

1) апаттар туралы хабарлар (СС жеделділік индексі). Хабарлардың бұл санатына жылжымалы станциялардың оларға тікелей қауіп төніп тұрғаны туралы мәлімдейтін хабарлары, сондай-ақ апатқа ұшыраған жылжымалы станция үшін

талап етілетін жедел көмекке қатысты басқа хабарлар жатады;

2) жедел хабарлар (ДД жеделділік индексі). Хабарлардың бұл санатына теңіз кемесі, әуе кемесінің, немесе басқа көлік құралдарының қауіпсіздігіне немесе борттағы не көрінім шегіндегі қандай да бір тұлғаға қатысты хабарлар жатады;

3) ұшу қауіпсіздігіне (ФФ жеделділік индексі) қатысты хабарларға мыналар кіреді:

PANS-ATM (Doc 4444) құжатында анықталғандай қозғалыс пен басқаруға қатысты хабарлар;

ұшып бара жатқан әуе кемесіне, немесе ұшуға дайындалып жатқан әуе кемесіне тікелей қатысы бар ұшу-пайдалану агенттігі құрастырған хабарлар;

SIGMET ақпаратымен, борттан арнайы хабарламалармен, AIRMET хабарларымен, жанар тау күлі мен тропиктік циклондар туралы консультативтік ақпаратпен және анықталған болжамдармен шектелген метеорологиялық хабарлар;

4) метеорологиялық хабарларға (ГГ жеделділік индексі) мыналар кіреді:

болжамға қатысты хабарлар (TAF әуеайлағы, аудандар, маршруттар және т.б. бойынша болжамдар);

бақылаулар мен хабарламаларға қатысты хабарлар (METAR, SPESI және т.б.) ;

5) ұшу тұрақтылығына (ГГ жеделділік индексі) қатысты хабарларға мыналар кіреді:

салмақтық және орталық параметрлерін есептеуге қажетті әуе кемелеріне тиеу туралы хабарлар;

ұшу кемелері орындайтын ұшу графигіндегі өзгерістерге қатысты хабарлар;

әуе кемелеріне қызмет көрсетуге қатысты хабарлар;

жолаушылармен, экипажбен және жүкпен байланысты, әдеттегі кестеден ауытқудан туған ұжымдық қажеттіктердегі өзгерістерге қатысты хабарлар;

жоспарланбаған қонуларға қатысты хабарлар;

әуе кемелерінің тұрақсыз ұшуларына пайдалану және аэронавигациялық қызмет көрсету, соның ішінде ұшып өтуге рұқсат алуға сұраныс жөнінде ұшу алдындағы шараларға қатысты хабарлар;

ұшу-пайдалану агенттігі құрастырған әуе кемесінің ұшып келетін немесе ұшып кететін уақыты көрсетілетін хабарлар;

әуе кемесінің ұшуын қамтамасыз ету үшін жедел қажетті қосалқы бөлшектер мен материалдарға қатысты хабарлар;

6) аэронавигациялық ақпарат қызметінің (ААҚ) хабарларына (ГГ жеделділік индексі) мыналар кіреді:

NOTAM қатысты хабарлар;

SNOWTAM қатысты хабарлар;

7) авиациялық әкімшілік хабарларына (КК жеделділік индексі) мыналар кіреді:

әуе кемелері ұшуларының қауіпсіздігін, тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін арналған құралдарды пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету жөніндегі хабарлар;

аэронавигациялық ақпарат қызметінің жұмыс істеуіне қатысты хабарлар;

азаматтық авиацияның өкілетті органдары алмасатын және аэронавигациялық қызмет көрсетуге қатысты хабарлар;

жеделділік деңгейі жағынан авиапочтамен немесе басқа желілер арқылы жіберіле алмайтын хабарлар;

8) қызметтік хабарлар (жағдайға қарай жеделділік индексі). Бұл ақпарат алу немесе AFTN станциясы хабарларды дұрыс емес жіберген деп болжанған басқа хабарларды растау, арналардағы бірізді нөмірлерді растау мақсатымен AFTN станциялары құрастырған хабарлар.

Қызметтік хабарларға жағдайға қарай жеделділік индекстері беріледі.

Хабардың қателерін түзету үшін қызмет ететін қызметтік хабарлар дұрыс емес хабар алған барлық адресаттарға жіберіледі.

Қызметтік хабарға жауап алғашқы қызметтік хабарды құрастырған AFTN станциясына жіберіледі.

Қызметтік хабарлар, СС (SS) жеделділік индексі бар хабарларды алғандығын растайтын хабарларды есептемегенде, мәтіндегі бірінші топ сияқты СЖЦ (SVC) қысқартуы арқылы белгіленеді.

Қызметтік хабарда алынған хабарға сілтеу хабарды немесе хабар көзін белгілеудің тиісті топтары көмегімен жүзеге асырылады.

Хабардың кідіру себептерін немесе алмағандығын анықтауға қатысты қызметтік хабарлар осы Ереженің 11-қосымшасының талаптарына сәйкес, сұратылған хабарды өңдеген AFTN станциясына жіберіледі.

## 3. Хабардың кезектілігі

24. AFTN станциялары хабарлардың бұрмаланбай және белгіленген мерзімде өтуін қамтамасыз етуге тиіс.

25. Көлемі 160 белгіге дейінгі шығыс жеделхаттар үшін желіге жіберу уақытының келесі нормативтері белгіленген:

| | |
|---|---|
| СС (SS) жеделділік индексі бар | кезектен тыс, шапшаң |
| ДД (DD), ФФ (FF) жеделділік индекстері бар | 5 минутқа дейін |
| ГГ (GG) жеделділік индексі бар | 10 минутқа дейін |

КК (КК) жеделділік индексі бар 30 минутқа дейін

Көлемі 160 белгіге дейінгі жеделхаттарды жіберу уақыты әр қосымша 100 белгіге 1 минутқа көбейтіледі.

26. AFTN станцияларында транзиттік хабарлар үшін хабарларды жіберудің ( қайта таратудың) келесі кезектілігі анықталады:

| Хабардың кезектілігі | Жеделділік индексі |
|---|---|
| 1 | С С |
| 2 | Д Д Ф Ф |
| 3 | ГГ КК |

Жеделділік индексі бірдей хабарлар AFTN станциясына түскен тәртіпте жіберіледі.

## 4. Жеделхаттарды құрастыру және AFTN станциясына беру

27. Осы Нұсқаулықтың 24-тармағында көрсетілген санаттарға жататын хабарларды ғана авиациялық электр байланыс қызметі жіберу үшін қабылдайды.

28. Желіге жіберілген хабарды қабылдауға болатындығын анықтағаны және мәтіннің дұрыс жазылғандығы үшін жауапкершілік жеделхатты құрастырған жөнелтушіге жүктеледі. AFTN станциясының қызметкерлері желіге жіберу үшін станцияға жеткізілген жеделхаттың мәтінін өзгертпеуі және түзетпеуі керек.

29. AFTN станциясына жіберу үшін арналған жеделхатты белгіленген нысан бойынша жөнелтуші құрастыруға тиіс. Онда мекен-жай жолы, дерек, мәтін мен қызметтік мәліметтер болуы керек және келесі нысанға сәйкес келуі керек:

0 0 X X X X X X X X

000000 YYYYYYYY

М Ә Т І Н

______________________________________________________

______________ Лауазымы, тегі А.Ж. және лауазымдық тұлғаның қолы

Орынд. Тегі А.Ж.

Телефон N (міндетті емес)

Күні (күні, айы, жылы

мұнда 00 XXXXXXXX - мекен-жай жолы (00 - жеделділік индексі, XXXXXXXX - мекен-жай индексі). Мекен-жай жолында адресаттардың бірнеше индекстері болуы мүмкін;

000000 YYYYYYYY - дерек (000000 - жеделхатты жіберу уақыты, YYYYYYYY - жөнелтуші индексі);

Мәтін - жеделхаттың мәтіндік бөлігі. Мәтіндік бөлік қызметтік мәліметтерден тұтас горизонталь сызықпен ажыратылады.

30. Жеделхат:

егер мекен-жай жолы адресаттарының барлық индекстері У (U) әрпінен басталса, орыс немесе латын әліпбиінде;

егер мекен-жай жолы адресаттарының бір индексі У-дан (U) басқа әріптен басталса, латын әліпбиінде құрастырылуға тиіс.

Жеделхатта орыс сөздерін латын әріптерімен жазу қажет болса, осы Нұсқаулықтың 5-қосымшасында көрсетілген сәйкестік кестесі пайдаланылады.

31. AFTN-ның жөнелту станциясы желіге жіберу үшін мынадай жеделхаттарды қабылдайды:

осы мақсатта пайдалануға рұқсат етілген тізбек бойынша алынған жеделхаттарды;

осы Нұсқаулықтың 30-тармағында көрсетілген нысанға сәйкес келетін, жазу парағының кем дегенде жартысындай көлемдегі қағазда немесе арнайы дайындалған бланкте, қолмен сиямен немесе қоңырқай түсті пастамен анық жазылған, немесе басылған, және қол қою құқығы берілген лауазымдық тұлғалар қол қойған және станцияға жөнелтуші жеткізген жеделхаттарды.

Қарауында AFTN станциясы бар азаматтық авиация ұйымымен келісілгендігі жөнінде белгі қойып, жеделхаттарға қол қою құқығы бар лауазымдық тұлғалар тізімінің түпнұсқасы жөнелтушіге қызмет ететін станцияда сақталынады (осы Нұсқаулықтың 9 қосымшасы).

32. Қызметтік мәліметтерде қойылған қол жеделхат бланкісінде көрсетілген лауазымдық тұлғаға сәйкес келуі керек.

1) жеделхатқа, оған рұқсат етілген жеделділік санатымен және жөнелтуші индексімен, лауазымдық тұлға уақытша болмаған кезде, оның міндетін атқарушы тұлға қол қояды. Бұл жағдайда жеделхат бланкісінде жеделхатқа қол қойған тұлғаның уақытша лауазымы көрсетіледі.

2) Егер жеделхат бланкісінде, қызметтік мәліметтерде бірнеше лауазымдық тұлғалар көрсетілсе, онда барлық көрсетілген тұлғалардың қолдары болуға тиіс. Бұл кезде жеделхаттағы жеделділік санаты мен жөнелтуші индексі, көрсетілген лауазымдық тұлғалардың біреуі үшін жеделхатқа қол қою құқығы бар лауазымдық тұлғалардың тізімімен рұқсат етілген жағдайда ғана жеделхат желіге жіберу үшін қабылданады.

33. Жөнелтуші жеделхатта түзетулер, толықтырулар жасауға, кідіртуге немесе оны жіберуден бас тарта алады. Барлық аталған іс-әрекеттер жеделхаттың осы бланкісінде жөнелтуші қолымен куәландырылуға тиіс. Егер жеделхат жіберілген болса, онда түзету, толықтыру немесе күшін жою үшін жөнелтуші жеке жеделхат беруі тиіс.

34. AFTN-ның шығыс станциясынан жіберілген шығыс жеделхаттарының түпнұсқалары және барлық хабарлардың толық көшірмелері AFTN-ның жөнелту станциясында ұзақтығы 30 күнге созылатын мерзім бойы сақталады.

35. Желіге жіберу үшін AFTN станциясына жеделхаттар бір данада ұсынылады. AFTN станцияларында өңдеуге қабылданған жеделхаттардың түпнұсқалары жөнелтушілерге қайтарылмайды.

36. Жеделхаттың құрама бөліктері:
1) мекен-жай жолы мыналарды қамтиды:
жеделділік индексі
мекен-жай (адресаттар) индексі.
Жеделділік индексі тиісті екі әріпті топтан тұрады және мекен-жайдың бірінші жолында көрсетіледі. Жеделхаттың жеделділік индексін оның мазмұнына байланысты анықтау және оның дұрыс берілуі жеделхатқа қол қойған тұлғаға жүктеледі.
Адресат индексі сегіз әріптен тұрады, алдын ала анықталынған тарату үшін мекен-жай индексін қоспағанда, және мыналарды қамтиды:
тағайындалған пункт орналасқан жердің төрт әріпті көрсеткіші;
хабар жіберілетін ұйымды/функционалдық бөлімшені (авиациялық өкілетті органды немесе ұшу-пайдалану агенттігін) көрсететін шартты екі немесе үш әріпті белгі;
хабар жіберілетін бөлімді, бөлімшені немесе ұйым/функционалдық бөлімше шеңберіндегі процесті белгілейтін қосымша әріп(тер). Ь (Х) немесе ЬЬ (ХХ) әрпі, алушы мекен-жай индексінің жеті немесе алты әрпімен анықталған немесе анық белгі талап етілмеген жағдайларда, мекен-жайды аяқтау үшін пайдаланылады.
AFTN-ның тағайындалған станциясы бір орында немесе әртүрлі орындарда орналасқандығына қарамастан, мекен-жайдың әр индексі үшін адресаттың жеке индексі пайдаланылады.
Мекен-жайды құрастыру үшін пайдаланылатын индекстердің тізбесі мыналарда көрсетілген:
Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын тұрған орнының ( индекстерінің), ұшу-пайдалану агенттіктерінің шартты белгілерінің, авиациялық

өкілетті органдардың, қызметтердің, ұйымдардың және азаматтық авиацияның лауазымдық тұлғалары көрсеткіштерінің жинағында;

басқа мемлекеттер индекстерінің жинағында;

Doc 7910 ICAO - "Тұрған орны (индекстер) көрсеткіштерінде".;

Doc 8585 ICAO - "Ұшу-пайдалану агенттіктерінің, авиациялық өкілетті органдар мен қызметтердің шартты белгілерінде".

Егер жеделхат шартты үш әріпті белгі берілмеген ұйымға жіберілсе немесе ол мемлекеттер индекстерінің жинағында көрсетілмесе, онда тағайындалған пункт орналасқан жердің индексінен кейін, егер әскери қызмет/ұйым туралы айтылса, ICAO ЫЫЫ (YYY) үш әріпті шартты белгісі (немесе ICAO ЫЬЫ (YXY) үш әріпті шартты белгісі) жүреді. Ұйым-адресат атауы бұл жағдайда жеделхат мәтінінің бірінші элементіне кіреді. Ь (X) толтырушы әрпі ЫЫЫ (YYY) немесе ЫЬЫ (YXY) шартты үш әріпті белгісінен кейін жүретін сегізінші әріп болып табылады (осы Нұсқаулықтың 12-қосымшасы).

Егер жеделхат ұшып бара жатқан әуе кемесіне жіберілуге тиіс болса, сондықтан оған берілген хабар жолының бір бөлігі авиациялық әуе электр байланысы арналары бойынша оны қайта таратуға дейін AFTN желісі арқылы өтетіндіктен, әуе кемесіне хабарды жіберуге тиіс авиациялық станцияның тұрған орны индексінен кейін ICAO ЗЗЗ (ZZZ) шартты үш әріпті белгі жүреді. Сегізінші әріп Ь (X) толтырушы-әрпі болып табылады. Бұл жағдайда әуе кемесінің тану индексі жеделхат мәтінінің басына қосылады (осы Нұсқаулықтың 12-қосымшасы ).

Жеделхатты жетіден артық адресатқа жіберу қажеттігі болғанда, осы Нұсқаулықтың 39-тармағында айтылған ережелерді басшылыққа алу керек.

2) хабар көзіне мыналар кіреді:

жеделхатты беру уақыты;

жөнелтуші индексі;

қосымша мекен-жай (қажет болғанда).

Жеделхатты беру уақытына "күні-уақыты" деген 6 цифрдан тұратын топ кіреді, алғашқы екі цифр айдың күнін, ал соңғы төртеуі - сағат пен минутты ( UTC) білдіреді. Уақыт 24-сағаттық санаумен белгіленеді.

AFTN станциясының қызметкері жеделхаттың бланкіде көрсетілген уақытының станцияның нақты уақытымен сәйкес келуін тексеруге тиіс. Осы Нұсқаулықтың 26-тармағының талаптарын орындауға мүмкін болмауына әкелетін уақыт бойынша айырмашылық болғанда, AFTN станциясының қызметкері жеделхатты беру уақытын өзгерту қажеттігі туралы жөнелтушіге хабарлау керек.

Жеделхаттарды AFTN станциясына жеделхатты жіберу уақытын көрсетпей беруге рұқсат етіледі. Бұл жағдайда жеделхатты беру уақыты AFTN

станциясының қызметкерімен жазылады және жеделхатты қабылдау уақытына сәйкес келеді.

БОС ОРЫН позициясынан кейін тікелей жүретін жөнелтушінің индексі сегіз әріптен тұрады және оған мыналар кіреді:

хабар құрастырылған пункт орналасқан жердің төрт әріпті көрсеткіші;

жеделхатты құрастырған ұйымды/функционалдық бөлімшені (авиациялық өкілетті органды, қызметті немесе ұшу-пайдалану агенттігін) көрсететін шартты немесе үш әріпті белгі;

бөлімді, бөлімшені немесе жөнелтушінің ұйым/функционалдық бөлімше шеңберіндегі процесті белгілейтін қосымша әріп(тер). Ь (X) немесе ЬЬ (XX) әрпі, жөнелтуші өз индексінің жеті немесе алты әрпімен анықталған немесе анық белгі талап етілмеген жағдайларда, жөнелтуші индексін аяқтау үшін пайдаланылады.

Егер жеделхатты ІСАО-ның шартты үш әріпті белгісі берілмеген ұйым жіберсе, онда тағайындалған пункт орналасқан жердің индексінен кейін, егер әскери қызмет/ұйым туралы айтылса, ІСАО ЫЫЫ (YYY) үш әріпті шартты белгісі (немесе ІСАО ЫЬЫ (YXY) үш әріпті шартты белгісі) жүреді. Ұйым-жөнелтуші атауы бұл жағдайда жеделхат мәтінінің бірінші элементіне кіреді. Ь (X) толтырушы әрпі ЫЫЫ (YYY) немесе ЫЬЫ (YXY) шартты үш әріпті белгісінен кейін жүретін сегізінші әріп болып табылады.

Егер хабар ұшып бара жатқан әуе кемесінің бортында құрастырылса, жеткізілгенге дейін AFTN желісі арқылы ішін-ара өтетін берілген жолы болса, онда жөнелтуші индексіне, AFTN желісіне хабарды жіберуді қамтамасыз ететін, AFTN станциясының тұрған орны индексі кіреді, одан кейін бірден ІСАО ЗЗЗ ( ZZZ) шартты үш әріпті белгісі жүреді, сосын Ь (X) толтырушы әрпі қойылады. Бұл жағдайда әуе кемесінің тану белгісі жеделхат мәтінінің басына қосылады ( осы Нұсқаулықтың 12-қосымшасы).

Жеделхаттағы қосымша мекен-жай туралы ақпаратпен хабар көзі мен тағайындалған станция арасындағы алмасуды қамтамасыз ету қажет болған жағдайларда, оны міндетті емес мәліметтер жолына (ODF) қосу керек. Бұл жағдайда, жөнелтуші индексінен кейін (осы Нұсқаулықтың 13-қосымшасы) мыналар қосылады:

бос орын, бір және нүкте (1.) - қосымша мекен-жай функциясының параметрлер кодын белгілеу үшін;

модификатордың үш белгісі (жөнелтуші индексі жазылған әліпбиге байланысты СЖЦ немесе SVC), одан кейін (=) теңдік белгісі және ИКАО-ның тағайындалған 8-мәнді мекен-жайы көрсетіледі; және

(-) сызықша белгісі - қосымша мекен-жай параметрлер шетінің соңын белгілеу үшін.

Қосымша мекен-жай форматы:

121312 LGGGZTZX 1.SVC=UAAAOEGX-

Осы хабарлардың AFTN-ның іргелес станциялары арқылы өтуін қамтамасыз ету мүмкін болу үшін жөнелтуші жолына қосымша мекен-жайды ендіру AFTN-ның жөнелту станциясымен келісілген кезде ғана рұқсат етіледі.

СС (SS) жеделділік санатты апат туралы хабарды жіберу кезінде AFTN-ның жөнелту станциясы жөнелтуші индексінен кейін дерек жолында осы Нұсқаулықтың 47-тармағының 5)-тармақшасына сәйкес жеделділік белгісін қосады.

3) Жеделхат мәтіні көпшілік қолды жай сөздерді, сондай-ақ қабылданған қысқартуларды қолданып, қысқа, анық құрастырылуы керек.

Жеделхат мәтінінде орыс немесе латын әліпбиін, цифрларын және келесі белгілерді пайдалануға болады:

- (сызықша)
? (сұрақ белгісі)
: (қос нүкте)
( (ашық жақша)
) (жабық жақша)
. (нүкте)
, (үтір)
' (дәйекше)
= (теңдік белгісі)
/ (бөлгіш қиғаш сызық)
+ (плюс белгісі)

Мәтінде басқа ешқандай белгілер пайдаланылмайды. Мәтінді түсіну үшін басқа белгілерді пайдалану қажет болған жағдайда олар толық келтіріліп, әріп арқылы беріледі (% - ПАЙЫЗ).

Жеделхат мәтінінде белгілердің үздіксіз бірізділігі болмауы керек:

З Ц З Ц
Z C Z C
\+ : + :
Н Н Н Н
N N N N
, , , ,

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген қажеттілік болғанда, жеделхат мәтінінің басына ұйым атау қосылады.

ICAO ЫЬЫ (YXY), ЫЫЫ (YYY) немесе ЗЗЗ (ZZZ) шартты үш әріпті белгісі ( белгілері) екі немесе одан көп ұйымдарға қатысты хабарларда мәтіндегі одан арғы белгілердің бірізділігі мекен-жай мен хабар көзін көрсету үшін пайдаланылатын белгілердің толық бірізділігіне сәйкес келеді. Бұл жағдайларда

әр белгіленген мекен-жай жаңа жолда көрсетіледі. (ЫЬЫ YXY, ЫЫЫ, YYY, ЗЗЗ, ZZZ) хабарын құрастырған ұйым атауының алдында (FROM) -НАН (-НЕН, ДАН/ДЕН, ТАН/ТЕН) жалғауы қосылады. Осы белгілердің соңында мәтіннің қалған бөлігінің алдында ТОҚТА (STOP) сөзі қосылады. Жеделхат мәтінінің қалған бөлігі жаңа жолдан басталады.

AFTN желісі арқылы жіберілетін хабар мәтіні 1500 баспа белгісінен аспауға тиіс.

1500 баспа белгісінен асатын жеделхат мәтінін AFTN желісі арқылы жіберу қажет болған жағдайда, жөнелтуші, осы тармақшада айтылған ережелерге сәйкес мәтіні 1500 баспа белгісінен артпауға тиіс, жеделхаттың бірнеше бөлігін құрастыруына болады.

Бөлік саны, мүмкіндігінше, аз болуға тиіс. Жеделхаттың әр бөлігінде бірдей мекен-жай мен хабар көзі болуы керек және келесі нысан бойынша ресімделеді:

әр жеделхат мәтінінің соңғы жолында әр бөліктің реттік нөмірі төмендегідей көрсетілуге тиіс:

(бірінші хабардың соңы) //01 БӨЛІКТІҢ СОҢЫ // (//END OF PART 01//)

(екінші хабардың соңы) //02 БӨЛІКТІҢ СОҢЫ // (//END OF PART 02//) .. . және т.с.с

соңы) //XX/XX БӨЛІКТІҢ СОҢЫ // (//END OF PART XX/XX//) мұнда XX - соңғы бөліктің нөмірі, бар бөлік.

Жөнелтушіге AFTN-ның жөнелту станциясына мәтіні 1500 баспа белгісінен асатын бір жеделхат ұсынуға рұқсат етіледі. Бұл жағдайда AFTN станциясының қызметкері, жөнелтушімен келіспей, осы тармақшаның айтылған талаптарына сәйкес бірдей хабар көзі бар бірнеше хабарды дербес құрастырады.

AFTN-ның жөнелту станциясы үшін құрастырылған әр бөлік шығыс жеделхат болып есептелінеді. Әр бөлікті жіберу уақыты осы Нұсқаулықтың 26 және 39-тармақтарына сәйкес анықталады.

Жеделхат бланкісінің мәтіндік бөлігін толтыру кезінде бір жолдағы белгінің жалпы саны, сөздер арасындағы бос орынды қосқанда, 69-дан артпау керектігін ескеру қажет.

Мәтіндегі басқа жолға ауыстыру бүтін топтармен ғана (екі бос орын арасында), оларды бөлмей, рұқсат етіледі.

4) Қызметтік мәліметтерге мыналар кіреді:

жөнелтуші қолымен расталған жөнелтушінің лауазымы мен тегі;

тегі және, қажет болғанда, жеделхат орындаушысының телефоны;

жеделхатқа қол қойылған күн (күні, айы, жылы);

қажет болғанда, түзетулерді растау және жөнелтушінің қолы.

37. AFTN-ның жөнелту станциясына ұсынылған көп мекен-жайлы жеделхат AFTN-ның іргелес станциясының хабарларын өңдеу алгоритміне сәйкес желіге жіберіледі. AFTN-ның жөнелту станциясына жіберілген бір хабар көзі бар хабарлар саны, AFTN-ның іргелес станциясының бір хабарында өңделетін, мекен-жай көрсеткіштерінің санымен анықталады (ең жоғары жеті немесе жиырма бір). Бұл жағдайда:

1) AFTN станциясының қызметкері, жөнелтушімен келіспей, бірдей хабар көзі бар хабарлардың қажетті ең аз санын дербес құрастырады. Хабарларды құрастыру кезінде, әр хабардың бір мекен-жай жолына (мекен-жай тобына), мекен-жайлардың индекстері желі ұйымдастырудың қолданылып жүрген сұлбасына сәйкес қойылады.

2) AFTN-ның жөнелту станциясы үшін осы барлық хабарлар шығыс жеделхаттар болып есептелінеді. Бірінші хабарды жіберу уақыты Нұсқаулықтың 26-тармағына сәйкес анықталады, әр келесі шығыс жеделхатты жіберу уақыты алдыңғыға қарағанда бес минутқа көбейтіледі.

## 5 Тарау. AFTN желісіндегі хабарлар форматы 1. Жалпы ережелер

38. Хабарларда келесі белгілер қолданылуы мүмкін:

1) N 2 халықаралық телеграф коды үшін (ITA-2):

латын регистрінде:

A B C D E F G H I J K L M N O P Q R S T U V W X Y Z

орыс регистрінде:

А Б В Г Д Е Ж З И Й К Л М Н О П Р С Т У Ф Х Ц Ы Ь Я

цифрлық регистрде: 1 2 3 4 5 6 7 8 9 0 Э Ю Щ Ш Ч

қосымша белгілер: - (сызықша)

? (сұрақ белгісі)

: (қос нүкте)

( (ашық жақша)

) (жабық жақша)

. (нүкте)

, (үтір)

' (дәйекше)

= (теңдік белгісі)

/ (бөлгіш қиғаш сызық)

+ (плюс белгісі)

осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес келесі белгілер:

N 1-3 белгілері - әріптік және цифрлық регистрлерде;

N 4 белгісі - тек әріптік регистрде;

N 5-32 белгілері - әріптік және цифрлық регистрлерде.
2) N 5 халықаралық код үшін (IA-5):
0/1 - 0/3 белгілері, 07 - жеделділік белгісінде, 0/10, 0/11 - бірізділіктің аяқталғандығында, 0/13, 0/14 - 0/15 - орыс және латын шрифтін таңдау үшін.
2/0, 2/8 - 2/9, 2/11 - 2/15 белгілері.
3/0 - 3/10, 3/13, 3/15 белгілері
7/15 белгісі
латин шрифті (осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасының 7 $H_0$ кестесіне сәйкес)
4/1 - 4/15 белгілері
5/0 - 5/10 белгілері
орыс шрифті (осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасының 7 $H_1$ кестесіне сәйкес)
6/0 - 6/15 белгілері
4/0 - 7/14 белгілері.

39. Хабарларға мыналар кірмеуге тиіс:
1) N 2 халықаралық телеграф коды үшін (ITA-2):
белгіленген тәртіптегі N 26, 3, 26, 3 белгілерінің кез келген үздіксіз біріздiлігі (әріп және цифр регистрлері - ЗЦЗЦ +:+), тақырыбындағы біріздiлікті қоспағанда ;
N 14 төрт белгінің кез келген үздіксіз біріздiлігі (әріп және цифр регистрлері - НННН,,,,), соңындағы біріздiлікті қоспағанда.
2) N 5 халықаралық коды үшін (IA-5):
(SOH) 0/1 белгісі, жеделхат тақырыбында оны пайдаланғаннан басқа;
(STX) 0/2 белгісі, "хабар көзі" жолында оны пайдаланғаннан басқа;
(ETX) 0/3 белгісі, жеделхат соңында оны пайдаланғаннан басқа;
(ZCZC) тәртіптегі 5/10, 4/3, 5/10, 4/3 белгілерінің кез келген үздіксіз біріздiлігі, орыс нұсқасында 7/10, 6/3, 7/10, 6/3 (ЗЦЗЦ);
(+:+:) тәртіптегі 2/11, 3/10, 2/11, 3/10 белгілерінің кез келген үздіксіз біріздiлігі;
(NNNN) төрт рет қайталанған 4/14 белгісінің кез келген үздіксіз біріздiлігі, орыс нұсқасында 6/14 (НННН);
(,,,,) төрт рет қайталанған 2/12 белгісінің кез келген үздіксіз біріздiлігі.

40. Бақылау хабарлары мен бақылау арналық хабарларды қоспағанда, барлық хабарларға N 2 халықаралық телеграф коды (ITA-2) үшін осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасында және N 5 халықаралық коды (IA-5) үшін осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасында келтірілген компоненттер кіреді.

41. AFTN желісінің хабарларында қолданылатын қысқартулар мен нөмірленбеген белгілер осы Нұсқаулықтың 10-қосымшасында келтірілген.

## 1. N 2 халықаралық телеграф коды (ITA-2)

42. N 2 халықаралық телеграф кодындағы кейбір белгілерге берілген функцияларды көрсету үшін келесі белгілер пайдаланылады (осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес):

| Белгі | Мағынасы |
| --- | --- |
| < | КАРЕТКАНЫҢ ҚАЙТУЫ (N 27 белгі) |
| = | ЖОЛДЫ АУЫСТЫРУ (N 28 белгі) |
| | ӘРІПТІК РЕГИСТРГЕ АУЫСУ (N 29 белгі - латын; N 32 белгі - орыс) |
| белгілердің нысанын | ЦИФРЛЫҚ РЕГИСТРГЕ АУЫСУ (N 32 белгі) |
| қағаз мәтінінен қараңыз | ® БОС ОРЫН (N 31 белгі) |
| | ®®®®®БОС ОРЫН БЕЛГІСІ |
| <= | ТЕҢЕСТІРУ ФУНКЦИЯСЫ |
| ======= | БІР БЕТКЕ РУЛОН БЕРУ (N 28 7 белгі) |
| | ХАБАРЛАРДЫ БӨЛУ БЕЛГІСІ (N 29 12 белгі) |

43. Тақырып.

1) тақырыпқа мыналар кіреді:

хабардың басталу белгісі - ЗЦЗЦ (ZCZC);

арна мен арналық реттік нөмірді белгілеуді қамтитын хабардың белгісі;

БОС ОРЫН бір позициясы және оннан артық емес белгіні қамтитын мәліметтер кіретін қосымша қызметтік ақпарат (қажет болғанда);

Бос орын белгісі.

2) хабардың басталу белгісінің алдында жөнелтуші жазған жеделхаттағы әліпбиге (орыс, латын) сәйкес келетін регистр болуы керек.

3) хабар белгісі AFTN-ның жіберуші станциясымен таңдалған және тағайындалған үш әріптен тұрады. Әдетте, бірінші әріп жіберіп жатқан жақты, екіншісі - тізбектің қабылдап жатқан жағын және үшіншісі - арнаны білдіреді. Бір арна кезінде - бұл А әрпі, егер арналар бірден көп болса, онда келесі арналар - Б, В .... Хабарды белгілеуде орыс әліпбиінің Ч, Ш, Щ, Э, Ю әріптері қолданылмауға тиіс, сондай-ақ ЗЦ (ZC), ЖЖ (VV) және НН (NN). AFTN станциясында байланыс арналарының бірдей белгілері болмауы керек.

4) AFTN станциясына үш цифрдан тұратын арналық реттік нөмірлер бірізді беріледі, AFTN-ның бір станциясынан екіншісіне тікелей жіберілетін хабарларға 001-ден 000-ге дейін (000 осы серияның мыңына сәйкес келеді) беріледі. Әр

арнаға осы нөмірлердің жеке сериялары тағайындалады (001 000-ге дейін). Бірінші серия күнделікті сағат 00.00-де басталады.

5) AFTN-ның екі іргелес станциялары арасындағы келісушілік жай-күйі кезінде олардың арасында төрт мәнді арналық реттік нөмірлерді пайдалануға рұқсат етіледі.

6) Хабар белгісі тізбек бойынша келесі бірізділікте жіберіледі:

БОС ОРЫН [ - > ] ;

AFTN-ның жіберуші станциясына берілген әріп;

AFTN-ның қабылдау станциясына берілген әріп;

Арнаны белгілеу әрпі;

ЦИФРЛЫҚ РЕГИСТРІНЕ АУЫСУ [ ];

Арналық реттік нөмір.

7) хабарды белгілегеннен кейін бірден БОС ОРЫН БЕЛГІСІ жіберіледі.

8) AFTN-ның екі іргелес станциялары арасындағы келісушілік жай-күйі кезінде хабарды белгілегеннен кейін (хабарды бастау уақыты, РПТ қайталау индификаторы және т.с.с.) міндетті емес қызметтік ақпаратты қосуға рұқсат етіледі. Мұндай қосымша қызметтік ақпараттың алдында БОС ОРЫН позициясы болуы керек, одан кейін оннан артық емес белгі болады. Қосымша қызметтік ақпараттан кейін БОС ОРЫН БЕЛГІСІ болады.

44. Мекен-жай:

1) мекен-жайға мыналар кіреді:

[ <= ] теңестіру функциясы;

жеделділік индексі;

мекен-жай (адресаттар) индексі;

[ <= ] теңестіру функциясы (функциялары);

2) жеделділік индексі, сұраныс кезінде хабарды жөнелтушімен немесе AFTN станциясымен берілген, тиісті екі әріпті топтан тұрады (орыс регистрінде - СС, ДД, ФФ, ОГГ, КК латын регистрінде - SS, DD, FF, GG, KK).

3) Жеделділік индексінен кейінгі БОС ОРЫН позициясының соңынан тікелей жүретін адресат индексіне, ол мекен-жайдың екінші немесе үшінші жолындағы адресаттың бірінші индексі болып табылатын жағдайды қоспағанда, осы Нұсқаулықтың 38-тармағы 1) тармақшасымен анықталатын сегіз әріп кіреді.

4) адресаттардың индекстері БОС ОРЫНМЕН ажыратылады және бір хабарда рулондық (парақтық) аппаратпен (жолда 69 белгі бар) басылған үштен артық емес жолды алуы керек.

5) егер AFTN-ның қабылдау станциясы үш мекен-жайлы жолды өңдей алмаса , онда AFTN-ның іргелес станциясында немесе AFTN-ның жөнелту станциясында мұндай хабарлар оларды жібергенге дейін осы Нұсқаулықтың 39-

тармағына сәйкес бір мекен-жайлы жолдан тұратын екі немесе одан көп хабарларға өзгертіледі.

6) Мекен-жайлар индекстерінің әр жолынан кейін [ <= ] теңестіру функциясы болады.

45. Хабар көзі:

1) хабар көзіне мыналар кіреді:

хабарды беру уақыты;

жөнелтуші индексі;

жеделділік белгісі (егер қажет болса);

міндетті емес мәліметтер орны (егер қажет болса);

[ <= ] теңестіру функциясы.

2) хабарды беру уақытына, желіге жіберу үшін хабар берудің күні мен уақытын (UTC) көрсететін, "күні-уақыты" деген 6 цифрдан тұратын топ кіреді. Хабарды беру уақытынан кейін ӘРІПТІК РЕГИСТРГЕ АУЫСУ деген бір позиция болады.

3) БОС ОРЫН позициясынан кейін тікелей жөнелтуші индексі тұрады, оған осы Нұсқаулықтың 38-тармағы 2-тармақшасымен анықталатын сегіз әріп кіреді.

4) AFTN бойынша жіберілетін басқа желілерде құрастырылған хабарлар үшін , хабарларды тарату немесе сыртқы желілі AFTN-ның желіаралық интерфейс функцияларын жүзеге асыру кезінде қолдану үшін келісілген, AFTN-ның қолданылып жүрген жөнелтуші индексі пайдаланылады.

5) жеделділік белгісі тек апат туралы хабарларда пайдаланылады. Оны пайдалану жағдайында, ол белгіленген тәртіпте орналасқан келесі элементтерден тұрады:

ЦИФРЛЫҚ РЕГИСТРГЕ АУЫСУ;

N 10 белгісінің БЕС позициясы (цифрлық регистр);

ӘРІПТІК РЕГИСТРГЕ АУЫСУ.

N 2 Халықаралық телеграф коды N 10 белгісінің цифрлық регистрі орыс регистрі бар жабдықта Ю әрпіне және орыс регистрі жоқ жабдықта BEL белгісіне сәйкес келеді.

6) AFTN-ның екі іргелес станциялары арасындағы келісушілік жай-күйі кезінде, белгілердің жалпы саны 69-дан аспаған жағдайда, хабар көзі жолына қосымша мәліметтер қосуға рұқсат етіледі. Қосымша мәліметтер орнының болуы БОС ОРЫН деген бір белгінің болуымен анықталады және теңеу функциясымен аяқталады.

7) AFTN-ның екі іргелес станциялары арасындағы келісушілік жай-күйі кезінде, хабар көзі жолына қосымша мекен-жайды кіргізуге рұқсат етіледі, ол осы Нұсқаулықтың 38-тармағы 2)-тармақшасында айтылған форматқа сәйкес

жіберіледі.

8) хабар көзі жолы [<=] теңестіру функциясымен аяқталады.

46. Мәтін:

1) хабар мәтінінің басында осы Нұсқаулықтың 38-тармағы 1)- және 2)-тармақшаларына сәйкес ұйым атауы көрсетілуі мүмкін.

2) мәтіннің әр баспа жолының аяғында, соңғы жолды қоспағанда, теңеу функциясы жіберіледі.

3) мәтіннің соңғы жолының аяғында мәтін аяқталғандығының келесі белгісі жіберіледі:

ӘРІПТІК РЕГИСТРГЕ АУЫСУ-дың бір БЕЛГІСІ [ү], ТЕҢЕСТІРУ ФУНКЦИЯСЫ [<=].

4) хабар мәтінінің бір бөлігін растау қажет болғанда, мұндай растау мәтіннің соңғы тобынан теңестіру функциясымен [<=] ажыратылады және CFM (ЦФМ) (растау - confirmation ағылшын тілінің қысқартылуы), БОС ОРЫН, хабардың расталатын бөлігі белгіленеді.

5) телетайп тізбектері арқылы жіберу кезінде, мәтінде қате жіберілсе, түзету мәтіннің соңғы тобынан немесе растау, егер ол бар болса, теңестіру функциясымен [<=] ажыратылады. Содан кейін COR (ЦОР) (түзету - correction ағылшын сөзінің қысқартылуы), БОС ОРЫН, мәтіннің түзетілген бөлігі болады.

6) AFTN станциялары жіберу жүргізілгенге дейін мәтіндегі барлық түзетулерді жасайды.

47. Соңы:

1) соңына мыналар кіреді:

[=======] ЖОЛДЫ АУЫСТЫРУДЫҢ 7 позициясынан тұратын рулондарды беру бірізділігі;

Н (N) әрпінен (әріптік регистр N 14 белгі) тұратын хабар соңының белгісі, ол ТӨРТ рет үздіксіз бірізділікте қолданылады. Осы компонент хабарды бірінші жіберу сәтінен біржолата жеткізгенге дейін өзгертілмейтін нысанда жіберіледі.

Бұдан басқа, үзбелі таспасы бар қондырғыларды пайдаланатын AFTN-ның қайта тарату станцияларына хабар трафигін жіберу кезінде - үздіксіз бірізділікте 12 рет берілетін ӘРІПТІК РЕГИСТРГЕ АУЫСУ (N 29 белгі) позициясынан тұратын хабарларды бөлу белгісі.

2) бір хабардың аяқталу белгісі мен келесі хабардың басталу белгісі арасындағы хабарлар трафигі ӘРІПТІК РЕГИСТРГЕ АУЫСУ позициясынан басқа, ештеңені қоспауға тиіс.

3) AFTN-ның жіберу станциясынан түсетін хабарлар ұзындығы 2100 белгіден аспауы керек. Хабардағы белгілерді санау кезінде барлық баспа белгілері мен

баспалық түрдегі емес белгілер, хабар басы (ЗЦЗЦ) туралы белгіден бастап, оны қоса есептеп, және хабардың аяқталу белгісіне (НННН) дейін ескеріледі.

48. Хабарды құрастыру кезіндегі қателерді түзету:

1) хабардың қандай да бір бөлігінде қате болған кезде, аяқталмаған хабар |<= Щ|ТА->Щ|ТА|<= (|<=QTA->QTA|<=) біріздiлігін
v v v v
жіберу жолымен жойылады, одан кейін толық аяқталады (49-тармақты қара).

2) хабардың мәтіндік бөлігінде қате болған кезде, түзету қатеден кейін ->Е->Е ->Е-> тобын қосу жолымен жүзеге асырылады, сосын түзетілген сөз (немесе топ) қайта басылады, содан кейін хабарды жіберу жалғастырылады.

3) мәтінде жіберілген қателер хабарды құрастыру процесін аяқтағанда ғана байқалған жағдайларда, 48-тармақтың 5) тармақшасында сипатталған іс-әрекеттер орындалады.

48-тармақтың 5) тармақшасы мен осы тармақтың 1), 2) тармақшаларының іс-әрекеттері үзбелі таспасы бар қайта тарату қондырғыларындағы жұмысқа ғана қатысты.

4) хабар толық жіберілгеннен кейін, AFTN станциясы мәтіннің немесе хабар көзінің бұрмаланғандығын немесе толық емес болып шыққанын анықтаса, ол барлық мүдделі адресаттарға қызметтік хабарды келесі мәтінмен жібереді (AFTN-ның осы станциясында осы хабардың бұрмаланбаған көшірмесі бар болса) :

СЖЦ ТҮЗЕТУ (дұрыс емес хабардың хабар көзі) ТОҚТА (одан кейін дұрыс мәтін болады)

Латын регистрінде:

SVC CORREKTION (дұрыс емес хабардың хабар көзі) STOP (одан кейін дұрыс мәтін болады).

## 3. N 5 Халықаралық коды (IA-5)

49. N 5 Халықаралық кодында (IA-5) кейбір белгілерге берілген функцияларды көрсету үшін келесі белгілер пайдаланылады (осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес):

| Белгі | Мағынасы |
|---|---|
| < | КАРЕТКАНЫҢ ҚАЙТАРЫЛУЫ (0/13 белгісінің позициясы) |
| = | ЖОЛДЫ АУЫСТЫРУ (0/10 белгісінің позициясы) |
| -> | БОС ОРЫН (2/0 белгісінің позициясы) |
| SO | ОРЫС (0/14 белгісінің позициясы) |
| SI | ЛАТЫН (0/15 белгісінің позициясы) |

SOH ТАҚЫРЫП БАСЫ (0/1 белгісінің позициясы)
STX МӘТІННІҢ БАСЫ (0/2 белгісінің позициясы)
ETX МӘТІННІҢ СОҢЫ (0/3 белгісінің позициясы)
BEL ЖЕДЕЛДІЛІК БЕЛГІСІ (0/7 белгісінің позициясы)
VT БІР ПАРАҚҚА БЕРУ (0/11 белгісінің позициясы)

50. Тақырып.

1) тақырыпқа мыналар кіреді:

хабар түрін (ұлттық немесе халықаралық) және SOH тақырып басының 0/1 белгісін бір мағыналы сәйкестендіретін "SO" немесе "SI" белгісін қамтитын хабардың басталу белгісі;

арна белгісі мен арналық реттік нөмір кіретін хабар белгісі;

БОС ОРЫН деген бір позиция мен оннан көп емес белгіні қамтитын мәліметтер кіретін қосымша қызметтік ақпарат (қажет болғанда).

2) хабарды белгілеу және реттік нөмірлерді берудің бірізділігі осы Нұсқаулықтың 45-тармағы 3) - 5) тармақшаларына сәйкес анықталады.

3) Хабар белгісі арна бойынша келесі бірізділікпен жіберіледі:

БОС ОРЫН белгісі [->];

AFTN-ның жіберу станциясымен берілген әріп;

AFTN-ның қабылдау станциясымен берілген әріп;

арнаны белгілеу әрпі;

арналық реттік нөмір.

4) AFTN-ның екі іргелес станциялары арасындағы келісушілік жай-күйі кезінде, олардың арасына хабарды белгілегеннен кейін (хабарды бастау уақыты сияқты және т.с.с.) міндетті емес қызметтік ақпаратты қосуға рұқсат етіледі. Мұндай қосымша қызметтік ақпараттың алдында БОС ОРЫН позициясы болады, одан кейін оннан артық емес белгі тұрады.

51. Мекен-жай Нұсқаулықтың 46-тармағына сәйкес құрастырылады.

52. Хабар көзі:

1) хабар көзіне мыналар кіреді:

хабарды жіберу уақыты;

жөнелтуші индексі;

жеделділік белгісі (егер қажет болса);

міндетті емес мәліметтер орны;

[ <= ] теңестіру функциясы;

мәтін басының белгісі (0/2 (STX) белгісі);

2) хабарды беру уақытына хабарды беру күні мен уақытын көрсететін (UTC) "күні-уақыты" деген 6 цифрдан тұратын топ кіреді;

3) жөнелтуші индексі (осы Нұсқаулықтың 38-тармағы 2) тармақшасын қара);

4) AFTN бойынша жіберілетін басқа желілерде құрастырылған хабарлар үшін , хабарларды тарату немесе сыртқы желілі AFTN-ның желіаралық интерфейс функцияларын жүзеге асыру кезінде қолдану үшін келісілген, AFTN-ның қолданылып жүрген жөнелтуші индексі пайдаланылады;

5) жеделділік белгісі тек апат туралы хабарларда пайдаланылады. Оны пайдалану жағдайында, ол бірінен соң бірі келетін бес BEL (0/7) белгісінен тұрады;

6) міндетті емес мәліметтер орны (осы Нұсқаулықтың 47-тармағы 6) және 7) тармақшаларын қара;

7) хабар көзі жолы теңестіру функциясымен [<=] және мәтін басының белгісімен (STX) (0/2) аяқталады.

53. Хабар мәтіні STX пен ETX арасында орналасқан барлық мәліметтерден тұрады.

54. Соңы.

1) соңына мыналар кіреді:

мәтіннің соңғы жолынан кейін жүретін теңестіру функциясы [<=];

бетті ауыстыру белгісі, 0/11 (VT) белгісі;

мәтіннің аяқталу белгісі, 0/3 (ETX) белгісі.

2) AFTN-ның жіберу станциясынан түсетін хабарлар ұзындығы 2100 белгіден аспауы керек. Хабардағы белгілерді санау кезінде барлық баспа белгілері мен баспалық түрдегі емес белгілер, (SOH) тақырып басы белгісінен бастап, оны қоса есептеп, және мәтіннің аяқталу белгісіне дейін, оны қоса есептеп, ескеріледі.

## 4. AFTN арналарындағы бақылау рәсімдері

55. Хабарлау және қабылдау желілерін тексеру және жөндеу мақсатында AFTN арналары бойынша берілетін бақылау хабарлары төмендегі элементтерден тұруға тиіс:

хабардың басталуы туралы белгі;

QJH рәсімінің белгісі;

жіберушінің сілтемесінен;

рулондық (беттік) аппаратта басылған R және Y ITA-2-дегі немесе IA-5-тегі U(5/5) және *(2/10) бірізді белгілердің толық үш (69 белгі) жолы;

хабар соңының белгісі.

Бақылау хабарларының форматы:

ITA-2 кодында:

| Z C Z C - > Q J H < =
v
U A A A Y F Y X < =
R Y R Y . . . . . . . . . . . . . . . . . . R Y <=
R Y R Y . . . . . . . . . . . . . . . . . . R Y <=
R Y R Y . . . . . . . . . . . . . . . . . . R Y <=
N N N N
I A - 5 к о д ы н д а :
( S I ) ( S O H ) Q J H < =
U A A A Y F Y X < =
U * U * . . . . . . . . . . . . . . . . . . U * < =
U * U * . . . . . . . . . . . . . . . . . . U * < =
U * U * . . . . . . . . . . . . . . . . . . U * < =
( V T ) ( E T X )

56. Бақылау хабарларын жіберу кезінде AFTN жіберуші станциясы жіберуге арналған реттік нөмірлерді көбейтпейді, ал AFTN қабылдау станциясы қабылдау бойынша реттік нөмірлерді көбейтпейді.

## 5. Бақылау арналық жіберулер

57. Арнаның дұрыс жай-күйіне бақылауды қамтамасыз ету үшін кезеңді түрде төмендегі жіберулер жүргізіліп тұруға тиіс:
I T A - 2 к о д ы н д а :
тақырыбы (осы Нұсқаулықтың 45-тармағына сәйкес);
[<=] теңестіру функциясы;
ЦХ (CH) рәсімдік белгісі;
егер AFTN аралас станцияларының келісімі бар болса, онда ЛР (LR) рәсімдік белгісі және соңғы қабылданған хабарды жіберудің белгіленуі;
[<=] теңестіру функциясы;
НННН (NNNN) хабар соңының белгісі;
хабарларды бөлу белгісі - 12 белгі N 29 (егер талап етілсе).
I A - 5 к о д ы н д а :
тақырып жолы (осы Нұсқаулықтың 45-тармағына сәйкес);
[<=] теңестіру функциясы;
S T X ;
ЦХ (CH) рәсімдік белгісі;
[<=] теңестіру функциясы;
E T X .

Бақылау арналық жіберулердің форматы:
ITA-2 кодында:

| ЗЦЗЦ->БАА|163|<=
v v
ЦХ[->ЛР->АБА|120|]*<=
v
НННН[||||||||||||]
v v v v v v v v v v v v v
IA-5 кодында:
(SO)(SOH)БАА163<=
(STX)ЦХ<=
(VT)(ETX)
* - [ ] міндетті емес мәліметтер.

58. AFTN қабылдау станциясы кіретін хабардың белгіленуін осы кіріс арнасы бойынша алынған барлық хабарлардың дұрыс бірізділігіне, ал қабылданатын арналық жіберуде ЛР рәсімдік белгісі бар болған кезде - шығыс арнасы бойынша жіберілген барлық хабарлардың дұрыс бірізділігіне көз жеткізу үшін тексеруге тиіс.

59. Егер арна бос болса, осы Нұсқаулықтың 59-тармағында көрсетілген хабар, әрбір сағаттың 00, 20 және 40 минуттарында жүзеге асырылуға тиіс (бақылау уақытынан +- 2 минут ауытқуларға рұқсат беріледі).

60. Осы Нұсқаулықтың 59-тармағында көрсетілген жіберу, егер бақылау уақытында арнаға хабар жіберіліп жатса, жүзеге аспауы мүмкін.

61. Арнаны бақылаудың кезеңдік жіберілуі немесе хабар осы Нұсқаулықтың 61-тармағында көрсетілген уақыт шегінде алынбаған жағдайда, AFTN станциясы жіберілу күтілетін AFTN станциясына қызметтік хабар жібереді. Бұл қызметтік хабардың мәтініне мыналар кіреді:
СЖЦ (SVC) қысқаруы;
МИС (MIS) рәсімдік белгісі;
ЦХ (CH) рәсімдік белгісі;
егер AFTN аралас станцияларының келісімі бар болса, онда қабылдау күтілген уақыт;
ЛР (LR) рәсімдік уақыты;
соңғы қабылданған хабарды жіберудің белгіленуі;

мәтін соңының белгісі.

Қызметтік хабардың форматы:

ITA-2 кодында:

СЖЦ->МИС->ЦХ[|1200 ->]*ЛР->АБА|120|<=

v

немесе

SVC->MIS->CH[1200 ->]*LR->ABA 120 <=

IA-5 кодында:

(STX) СЖЦ->МИС->ЦХ[1200->]*ЛР->АБА120<=

немесе

(STX)SVC->MIS->CH[1200->]*LR->ABA120<=

* - [ ] міндетті емес мәліметтер.

62. Осы Нұсқаулықтың 63-тармағы орындалған және қызметтік хабарға 10 минут ішінде жауап алынбаған жағдайда AFTN станциясы осы тараудың 11-бөліміне сәйкес іс-әрекеттерді орындауға тиіс.

## 6. Хабарлар трафигіне бақылау

63. AFTN-ның қабылдау станциясы хабарлардың өтуін бақылауды қамтамасыз ету үшін осы арна бойынша алынған барлық хабарларға қатысты арналық реттік нөмірлердің дұрыс бірізділігін қамтамасыз ету үшін келіп түскен жіберулердің белгіленуін тексеруге тиіс.

64. AFTN-ның қабылдау станциясы бір немесе бірнеше арналық реттік нөмірлердің жоқ болуын аңғарған жағдайларда, осындай қалып қалған нөмірмен (нөмірлермен) жіберілуі мүмкін кез келген хабарды қабылдаудан бас тарта отырып, AFTN-ның алдыңғы станциясына толық қызметтік хабар жібереді. Бұл қызметтік хабардың мәтініне ЩТА (QTA) белгісі, МИС (MIS) рәсімдік белгісі кіреді, оның артынан жіберудің бір немесе бірнеше қалып қалған белгіленулері мен мәтін соңының белгісі болады.

Қызметтік хабардың форматы:

ITA-2 кодында (бір арналық реттік нөмір қалып қойған кезде):

СЖЦ->Щ|ТА->МИС->АБА 123 <=

v

немесе

SVC->QTA->MIS->ABA 123 <=

IA-5 кодында (бірнеше арналық реттік нөмірлер қалып қойған кезде):

(STX) СЖЦ->ЩТА->МИС->АБА123-125<=

немесе

(STX) SVC->QTA->MIS->ABA123-125<=

(-) бөлу сызықшасы ашық мәтінде "...-дан ...-ға дейін" дегенді білдіреді.

Бір қызметтік хабардағы сұралатын нөмірлердің саны оннан аспауға тиіс.

Мұндай сұратуларды алған AFTN-ның жіберу станциясы жіберу белгіленуінің бірізділік көзқарасынан жаңасын, дұрысын пайдалану арқылы осы хабардың (хабарлардың) қайтадан жіберілуін жүзеге асыруға тиіс. AFTN-ның қабылдау станциясы өз жұмысын күтілетін реттік нөмірді арнаның соңғы қабылданған реттік нөмірі арқылы бір бірлікке көбейту үшін үйлестіреді.

65. AFTN-ның қабылдау станциясы арналық реттік нөмірдің күтілгеннен төмен болғанын аңғарған жағдайларда AFTN-ның алдыңғы станциясына мынадай мазмұны бар мәтінмен қызметтік хабар жібереді:

СЖЦ (SVC) қысқартуы;

LR (АЛЫНДЫ) рәсімінің белгісі, одан кейін қабылданған хабарды жіберудің белгіленуі болады;

EXP (КҮТІЛДІ) рәсімдік белгісі, одан кейін хабардың күтілетін белгіленуі болады;

мәтін соңының белгісі.

Қызметтік хабарлардың форматы:

ІТА-2 кодында:

СЖЦ->АЛЫНДЫ->АБА|149-> КҮТІЛДІ->АБА 151 <=

немесе

SVC->LR->ABA 149->®EXP->ABA 151 <=

ІА-5 кодында:

(STX) СЖЦ->АЛЫНДЫ->АБА149->КҮТІЛДІ->АБА151<=

немесе

(STX) SVC->LR->ABA149->EXP->ABA151<=

AFTN-ның қабылдау станциясы арнаның реттік нөмірін соңғы қабылданғаннан бір бірлікке артық, ал AFTN-ның жіберуші станциясы бірізділікті көбею жағына қарай түзетуге тиіс. Жоғарыда аталған жағдайға сәйкес , AFTN-ның екі станциясындағы мұндай реттік нөмір 152 болуға тиіс.

AFTN станциясында бір серияда бірдей реттік нөмірлі бірден артық хабардың пайда болуын болдырмау үшін қабылдау және жіберу бойынша реттік нөмірлерді төмендету жағына қарай түзетуді жүзеге асыруға тиым салынады.

66. AFTN-ның қабылдау станциясы хабардың дұрыс емес берілген маршрутын аңғарған жағдайларда (мекен-жай жолының барлық көрсеткіштері осы хабар қабылданған AFTN станциясына жіберілуге тиіс), ол дұрыс емес

берілген маршруттағы хабарды қабылдаудан бас тартады және AFTN-ның алдыңғы станциясына қызметтік хабар жібереді. Хабар мәтініне СЖЦ (SVC) қысқартуы, ЩТА (QTA) белгісі, МСР (MSR) рәсімдік белгісі кіреді, содан кейін дұрыс емес маршрутта берілген хабар жіберудің белгіленуі мен мәтін соңының белгісі болады.

Қызметтік хабардың форматы:

ІТА-2 кодында:

СЖЦ->|Щ|ТА->МСР->АБА|151|<=
v

немесе

SVC-> QTA->MSR->ABA 151 <=

ІА-5 кодында:

(STX) СЖЦ->ЩТА->МСР->АБА151<=

немесе

(STX) SVC->QTA->MSR->ABA151<=

Мұндай қызметтік хабарды алған AFTN-ның жіберу станциясы шығыс хабарды тиісті тізбек бойынша бағыттауға тиіс.

## 7. AFTN станциясында бұрмаланған немесе дұрыс емес форматта құрылған хабарларды аңғару кезіндегі іс-әрекеттер

67. Егер AFTN станциясы хабардың бұрмаланғандығын немесе хабар соңы белгісіне дейін қандай да бір жерде дұрыс емес форматта құрылғандығын аңғарса және осы хабарды AFTN-ның алдыңғы станциясы қабылдағанға дейін бұрмалану болды деп ойлауға негіздер болса, онда ол дұрыс емес қабылданған хабарды қайталауды өтіну арқылы, жіберушіге бұрмаланған немесе дұрыс емес форматта құрылған хабар көзінде көрсетілген (бұл индекс мекен-жайлық жолға қойылады) жіберушінің индексімен белгіленетін қызметтік хабар жібереді.

Қызметтік хабардың форматы:

ІТА-2 кодында:

СЖЦ->|Щ|ТА->РПТ->|140018->|УАААЫМЫЬ|<=
v v v

немесе

SVC->QTA->RPT->|140018->|UAAAYMYX|<=
v v

ІА-5 кодында:

(STX) СЖЦ->ЩТА->РПТ->140018->УАААЫМЫЬ<=

немесе

(STX)SVC->QTA->RPT->140018->UAAAYMYX<=

Бұл жағдайда жіберуші шығыс хабарды қайталауға тиіс. Сол адресатқа немесе адресаттарға хабардың бұрмаланбаған нұсқасын екінші рет жіберу алдында келесі қайталамалы өңдеу жүзеге асырылады:

жаңа тақырып енгізіледі;

хабардың аяқталуы болмайды;

оның орнына ДУПЕ (DUPE) шартты белгісі енгізіледі (IA-5 кодында бұл сигналдың алдында теңестіру функциясы болуға тиіс);

жаңа аяқтау енгізіледі, ITA-2 кодында оның алдында теңестіру функциясы болуға тиіс;

ITA-2 кодында, егер қажет болса, 12 ЛАТ енгізіледі.

68. Хабарды қайталауға арналған сұраныс AFTN станциясына жолданған барлық жағдайларда, AFTN станциясы хабарды ДУПЕ (DUPE) шартты белгісін қоспай қайталайды.

69. Егер қайта тарату басталардан бұрын AFTN-ның қайта тарату станциясы хабар соңы белгісіне дейін қандай да бір жерде бір немесе бірнеше хабардың бұрмаланғанын аңғарса және оның бұл бұрмалану AFTN-ның алдыңғы станциясы бұл хабарды жіберу кезінде немесе жібергеннен кейін болды деп ойлауға негіздері болса, ол AFTN-ның алдыңғы станциясына бұрмаланған хабарды қабылдамау және дұрыс емес қабылданған хабарды қайталау туралы хабардар ете отырып, қызметтік хабар жібереді.

Қызметтік хабар форматы:

ITA-2 кодында:

СЖЦ->|Щ|ТА->РПТ->АБА|123|<=

v v

немесе

SVC->QTA->RPT->ABA|123|<=

v

IA-5 кодында (бірнеше бұрмаланған хабарлар кезінде):

(STX)СЖЦ->ЩТА->РПТ->АБА123-126<=

немесе

(STX)SVC->QTA->RPT->ABA123-126<=

Бұл сұранысты қабылдаған AFTN станциясы сұратылған хабарлардың қайтадан жіберілуін қамтамасыз етеді.

70. Егер хабардың мәтіндік бөлігін жіберген соң AFTN-ның қайта тарату станциясы хабар соңының толық емес белгісінің бар болуын аңғарса, бірақ оның

бұл кемшіліктің хабар соңының белгісіне қатыстылығын немесе ол бастапқы мәтіннің жоғалуына әкеп соғатынын анықтауға практикалық құралдары болмаса, ол мәтін соңына мынадай ендірмені қоса отырып, хабарды қайта таратады: <=ТЕКСЕРІЛСІН(ТЕКСЕРІҢІЗ)=МӘТІН=ҚОСЫЛДЫ->ЖАҢА->СОҢЫ-> AFTN станциясының меншік индексі

немесе

<=CHECK=TEXT=NEW->ENDING->ADDED->AFTN станциясының меншік индексі

ITA-2
| | <=
v

ITA-2 және IA-5 дұрыс соңы.

1) Рулондық (беттік) аппаратпен басылған көшірмедегі мәтіннің сатылы орналасуы осы ендірмеге мекен-жай назарын тез арада аудару үшін арналған ( осы Нұсқаулықтың 12-қосымшасы).

2) Осы тармақта көрсетілген қызметтік хабар түрі, сондай-ақ хабарды қайта таратуды жіберу кезінде AFTN станциясы бұл хабардың 2100-ден артық белгісі бар екендігін анықтаған жағдайда да қалыптасуы мүмкін. Бұл жағдайда AFTN станциясы хабарды 2100 белгімен шектейді, осы тармақта көрсетілген ендірмені қояды, ал осы хабар келген AFTN станциясына осы Нұсқаулықтың 81-тармағына сәйкес, қызметтік хабар қалыптастыруына болады.

71. AFTN-ның қайта тарату станциясы хабардың толық бұрмаланған мекен-жай жолымен алынуын аңғарған жағдайларда, ол бұрмаланған хабарды жіберуді тоқтатады және AFTN-ның алдыңғы станциясына қызметтік хабар жібереді. Мұндай қызметтік хабардың мәтініне мыналар кіреді:

СЖЦ (SVC) қысқартуы;

ЩТА (QTA) рәсімдік белгісі;

АДС (ADS) рәсімдік белгісі;

жіберуден бас тартылған хабарды жіберудің белгіленуі;

БҰРМАЛАНҒАН (CORRUPT) белгіленуі;

хабар соңының белгісі.

Қызметтік хабардың форматы:

ITA-2 кодында:

СЖЦ->|Щ|ТА->АДС->АБА|123->|БҰРМАЛАНДЫ|<=
v v v

немесе

SVC->QTA->ADS->ABA|123->|CORRUPT|<=

v v

I A - 5 кодында:

(STX) СЖЦ->ДС->АБА123->БҰРМАЛАНДЫ<=

немесе

(STX) SVC->QTA->ADS->ABA123->CORRUPT<=

Мұндай қызметтік хабарды қабылдаған AFTN станциясы шығыс хабардың, жіберудің жаңа белгіленуімен және мекен-жайдың дұрыс жолымен, қайтадан жіберілуін қамтамасыз етеді.

72. AFTN-ның қайта тарату станциясы жарамсыз (яғни ұзындығы 8 әріпке сәйкес келмейтін) немесе адресаттың белгісіз индексімен (станцияның жолдық тізімінде жоқ) хабар алынғанын аңғарған жағдайларда, ол осы Нұсқаулықтың 104-тармағында көрсетілген рәсімдерді пайдалана отырып, хабарды қолданыстағы мекен-жайларға қайта таратады.

Адресаттың белгісіз индексі үшін және хабардың шығу көзінде қателік болмаса, AFTN станциясы жіберушіге қызметтік жазба жолдайды. Мұндай қызметтік жазбаның мәтініне мыналар кіреді:

СЖЦ (SVC) қысқартуы;

АДС (ADS) рәсімдік белгісі;

қате хабардың шығу көзі;

теңестіру функциясы;

алынған хабардың мекен-жай жолы;

теңестіру функциясы;

БЕЛГІСІЗ (UNKNOWN) белгіленуі;

адресаттың белгісіз индексі (тері);

хабар мәтіні соңының белгісі.

Қызметтік хабардың форматы:

I T A - 2 кодында:

СЖЦ->АДС->|121320|->УАААЫМЫЬ<=

v

ГГ->УАТТЫМЫЬ->УАИИЫМЫЬ->УАППЫМЫЬ<=

БЕЛГІСІЗ->УАППЫМЫЬ|<=

v

немесе

SVC->ADS->|121320|->UAAAYMYX<=

v

GG->UATTYMYX->UAIIYMYX->UAPPYMYX<=

UNKNOWN->UAPPYMYX|<=

v

IA-5 кодында:

СЖЦ->АДС->121320->УАААЫМЫЬ<=

ГГ->УАТТЫМЫЬ->УАИИЫМЫЬ->УАППЫМЫЬ<=

БЕЛГІСІЗ->УАППЫМЫЬ<=

немесе

SVC->ADS->121320->UAAAYMYX<=

GG->UATTYMYX->UAIIYMYX->UAPPYMYX<=

UNKNOWN->UAPPYMYX<=

Мұндай қызметтік хабарды қабылдаған AFTN станциясы адресаттың дұрыс индексін алады және осы Нұсқаулықтың 104-тармағына сәйкес, жекеленген мекен-жай рәсімін пайдалана отырып, адресатқа хабарды қайталайды.

Осы Нұсқаулықтың 74-тармағындағы ереже қолданған кезде, осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген жағдайлардан басқа, AFTN станциясы AFTN-ның алдыңғы станциясына қатені түзетуді сұрау арқылы қызметтік хабар жолдайды. Мұндай қызметтік хабардың мәтініне мыналар кіреді:

СЖЦ (SVC) қысқартуы;

АДС (ADS) рәсімдік белгісі;

қате хабарды жіберудің белгіленуі;

теңестіру функциясы;

алынған хабардың мекен-жай жолы;

теңестіру функциясы;

екінің бірі:

адресаттың жарамсыз индексі үшін - ТЕКСЕРУ КЕРЕК (ТЕКСЕРІҢІЗ)(CHECK) белгіленуі;

адресаттың белгісіз индексі үшін - БЕЛГІСІЗ (UNKNOWN) белгілену;

адресаттың жарамсыз немесе белгісіз индексі (тері);

мәтін соңының белгісі.

Қызметтік хабардың соңы:

ITA-2 кодында:

СЖЦ->АДС->АБА|121|<=

v

ГГ->УАТТЫМЫЬ->УАИИЫМЫЬ->УАППЫМЫЬ*<=

БЕЛГІСІЗ->УАППЫМЫЬ|<=

v

* - УАППЫМЫЬ адресаттың индексі AFTN станциясының жолдық тізімінде жоқ.

немесе

SVC->ADS->ABA|123|<=

v

GG->UATTYMYX->UAIIYMY*<=
CHECK->UAIIYMY|<=
v

* - UAIIYMY адресат индексі жеті әріптен тұрады.

IA-5 кодында:

СЖЦ->АДС->АБА121<=
ГГ->УАТТЫМЫЬ->УАИИЫМЫЬ->УАППЫМЫЬ<=
БЕЛГІСІЗ->УАППЫМЫЬ<=

немесе

SVC->ADS->ABA123<=
GG->UATTYMYX->UAIIYMY<=
CHECK->UAIIYMY<=

Бұл қызметтік хабарды алған соң, AFTN станциясы, адресаттың дұрыс индексі болған кезде, осы Нұсқаулықтың 104-тармағына сәйкес, жекеленген мекен-жай рәсімін пайдалана отырып, тек осы адресатқа ғана хабарды қайталайды немесе адресаттың дұрыс индексі қолда болмаған кезде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларына сәйкес іс-әрекет жасайды.

73. AFTN-ның бірінші қайта тарату станциясы алынған хабардың шығу көзі жолындағы бұрмалануын немесе хабардың қандай да бір шығу көзісіз көрсетілуін аңғарған жағдайларда, бұл станция:

хабарды өңдеуді тоқтатады;

бұл хабар алынған AFTN станциясы мекен-жайына қызметтік хабар жолдайды.

Мұндай қызметтік хабар мәтініне мыналар кіреді:

СЖЦ (SVC) қысқартуы;

ЩТА (QTA) рәсімдік белгісі;

ОГН (OGN) рәсімдік белгісі;

қабылданбайтын хабарды жіберудің белгіленуі;

БҰРМАЛАНҒАН (CORRUPT) белгісі;

мәтін соңының белгісі.

Қызметтік хабардың форматы:

ITA-2 кодында:

СЖЦ->|Щ|ТА->ОГН->АБА|123|БҰРМАЛАНҒАН|<=
v v v

немесе

SVC->QTA->OGN->ABA|123|->CORRUPT|<=
v v

IA-5 кодында:

(STX)СЖЦ->ОГН->АБА123->БҰРМАЛАНҒАН<=
немесе
(STX)SVC->QTA->OGN->ABA123->CORRUPT<=

Мұндай қызметтік хабарды қабылдаған AFTN станциясы оны хабарды жаңадан танумен және шығу көзінің дұрыс жолымен қайталауға тиіс.

74. Егер AFTN қайта тарату станциясының осы хабар құрылған орналасу жері ретіндегі жіберуші индексінің жоқ дегенде бірінші белгісін тексеру мүмкіндігі болса және алынған хабарда жіберушінің дұрыс емес индексі көрсетілгенін аңғарса, бұл станция:

хабарды өңдеуді тоқтатады;

осы хабар алынған AFTN станциясының мекен-жайына қызметтік хабар жолдайды.

Мұндай қызметтік хабардың мәтініне мыналар кіреді:

СЖЦ (SVC) қысқартуы;

ЩТА (QTA) рәсімдік белгісі;

ОГН (OGN) рәсімдік белгісі;

Қабылданбаған хабарды жіберудің белгіленуі;

*ДҰРЫС ЕМЕС (INCORRECT) сілтемесі;

мәтін соңының белгісі.

Қызметтік хабардың форматы:

ITA-2 кодында:

СЖЦ->|Щ|ТА->ОГН->АБА|123|->ДҰРЫС ЕМЕС*|<=
v v v
немесе
SVC->QTA->OGN->ABA|123|->INCORRECT|<=
v v

IA-5 кодында:

(STX) СЖЦ->ОГН->АБА123->ДҰРЫС ЕМЕС*<=
немесе
(STX) SVC->QTA->OGN->ABA123->INCORRECT<=

* - ДҰРЫС ЕМЕС сөзінің орнына БҰРЫС сөзі болуы мүмкін.

## 8. Қосымша қызметтік хабарларды қалыптастыру

75. Осы тараудың 6 және 7 бөлімдерінде көрсетілмеген форматтағы ауытқуларды аңғару кезінде AFTN станциясы осы Нұсқаулықтың 71- немесе 79-тармағына сәйкес қызметтік хабарды қалыптастыруы мүмкін, алайда, форматтағы нақты ауытқуды анықтау үшін осы бөлімде келтірілген қосымша

қызметтік хабарларды пайдалану ұсынылады.

76. Реттік нөмір немесе арнаны белгілеу жоқ болған кезде немесе арнаның қабылданған белгіленуінің күтілгенмен сәйкес келмеуі кезінде:
ITA-2 кодында (реттік нөмір жоқ болған кезде):
СЖЦ->АЛЫНДЫ->XXX | ???->|КҮТІЛДІ->АБА|123|<=
v v
SVC->LR->XXX | ???->|EXP->ABA|123|<=
v v
IA-5 кодында (арна белгіленуі сәйкес келмеген кезде):
(STX) СЖЦ->АЛЫНДЫ->АСА375->КҮТІЛДІ->АБА123<=
(STX) SVC->LR->ASA375->EXP->ABA123<=

77. Қайталаулар кезіндегі дұрыс емес жағдайларды болдырмау үшін AFTN станциясынан хабарды сұрату қажеттігі кезінде, құрамына сұралатын хабардың шығу көзі және анықтаушы мәтін кіретін, ерікті нысандағы қызметтік хабар қалыптастырылады (осы Нұсқаулықтың 12-қосымшасына сәйкес).

78. Хабар соңы белгісінің жоқ болуын аңғарған кезде:
ITA-2 кодында:
СЖЦ->ҚАЙТАЛАҢЫЗ->АБА|123->|ХАБАР->СОҢЫ->ЖОҚ|<=
v v
немесе
SVC->ABA|123->|RPT->NO->END->OF->MESSAGE|<=
v v
IA-5 кодында:
(STX) СЖЦ
ҚАЙТАЛАҢЫЗ->АБА123->ХАБАР->СОҢЫ->ЖОҚ<=
немесе
(STX) SVC->ABA123->RPT->NO->END->OF->MESSAGE<=

79. Қабылданған хабардың ұзындығы рұқсат етілгеннен артық:
ITA-2 кодында:
СЖЦ->ТЕКСТ->АБА|123->|ӨТЕ->ҰЗАҚ|<=
v v
немесе
SVC->TXT->ABA|123->|TOO->LONG|<=
v v
IA-5 кодында:

(STX)СЖЦ->ТЕКСТ->АБА123->ӨТЕ->ҰЗАҚ<=

немесе

(STX)SVC->TXT->ABA123->TOO->LONG<=

80. Орыс регистрінде қабылданған хабардың мекен-жай жолында халықаралық арнаға (мекен-жай сілтемесінің бірінші У әрпінен бөлек) жіберілуге тиіс мекен-жай болса, онда бұл жағдайда хабар жеделхатты жіберушіге жолданады және мынадай форматта болады:

ITA-2 кодында:

СЖЦ->ҚАЙТАЛАҢЫЗ->|140018->|УАААЗГЗЬ<=

v

ЖІБЕРУШІ->ЖОЛЫНДАҒЫ->ҚАТЕ|<=

v

IA-5 кодында:

(STX)СЖЦ->ҚАЙТАЛАҢЫЗ->140018->УАААЗГЗЬ<=

ЖІБЕРУШІ->ЖОЛЫНДАҒЫ->ҚАТЕ<=

81. Уақыт аралығы бойынша сұрату қажеттігі кезінде мынадай форматтағы хабар қалыптасады:

ITA-2 кодында:

СЖЦ->РПТ->|1230-1305|<=

v

немесе

SVC->RPT->|1230-1305|<=

v

IA-5 кодында:

(STX)СЖЦ->РПТ->1230-1305<=

немесе

(STX)SVC->RPT->1230-1305<=

## 9. Хабарды қабылдауды растау

82. AFTN станциялары қабылданатын нөмірлердің бірізділігі бойынша хабарларды қабылдаудың бақылауын жүзеге асырады. AFTN-ның қабылдау станциясы қабылдаудың расталуын жібермейді, мына жағдайлардан басқа кезде:

апат жөнінде хабар қабылдау (СС(SS) санаты);

кесте бойынша жұмыстар;

ЛР(LR) рәсімдік белгісімен бақылау арналық хабарларын қалыптастыру;
басқа жолдармен хабарларды жіберу.

83. Апат жөніндегі хабардың қабылдануын AFTN жіберуші станциясына қызметтік хабарды жіберуші AFTN-ның тағайындалу станциясы әр кезде растайды. AFTN-ның жіберу станциясына жолданған қабылдаудың мұндай расталуының толық хабар форматы болады, бұл хабарға СС(SS) жеделділік индексі беріледі, оған осыған байланысты жеделділік белгісі қосылады және онда құрамына мыналар кіретін мәтін болады:

Р(R) рәсімдік белгісі;
расталатын хабардың шығу көзі;
мәтін соңының белгісі.

Растау хабары мынадай форматта болады:

ITA-2 кодында:

|ЗЦЗЦ->БАА|123->[1522->]*->->->->|<=
v v
СС->УУУУЗГЗЬ<=
|311522->|УАААЫФЫЬ|ЮЮЮЮЮ|<=
v v
Р->|311521->|УУУУЗГЗЬ|<=
v v
========НННН

немесе

|ZCZC->BAA|123->[1522->]*->->->->|<=
v v
SS->UUUUZGZX<=
|311522|->UAAAYFYX|ЮЮЮЮЮ**|<=
v v
R->|311521|->UUUUZGZX|<=
v v
========NNNN

IA-5 кодында:

(SO)БАА123<=
СС->УУУУЗГЗЬ<=
311522->УАААЫФЫЬ(BEL)(BEL)(BEL)(BEL)(BEL)<=
Р->311521->УУУУЗГЗЬ<=
(VT)(ETX)

немесе

(SI)BAA123<=

SS->UUUUZGZX<=
311522->UAAAYFYX(BEL)(BEL)(BEL)(BEL)(BEL)<=
R->311521->UUUUZGZX<=
(VT)(ETX)

* - [ ]міндетті емес мәліметтер.

** - орыс регистрі бар аппаратура үшін.

## 10. Кесте бойынша жұмыс

84. Жұмысты аяқтаудан бұрын AFTN станциясы бұл жөнінде ортақ арналары бар барлық басқа AFTN станцияларын хабардар етеді және егер де ол әдеттегі жұмыс басталудан өзгеше болса, жұмысты қайта бастау уақыты жөнінде хабарлайды. Мұндай хабардың мәтіні AFTN-ның аралас станциялары арасындағы келісіммен анықталады.

85. AFTN-ның аралас станциясынан жұмысты алдағы уақытта тоқтату туралы хабар алған AFTN станциясы мәтіні СЖЦ (SVC) қысқартуынан, ЛР (LR) ЛС (LS) рәсімдік белгілерінен тұратын, олардан кейін хабардың белгіленуі және әрбір арна бойынша соңғы өңделген хабарлардың реттік нөмірлері болатын қызметтік хабар жіберуге тиіс. AFTN-ның аралас станциялары арасындағы келісім бар болса, бұл хабарға қосымша мәтін енгізуге рұқсат беріледі. Мәтіннен кейін мәтін соңының белгісі болады.

Қызметтік хабардың форматы:

ITA-2 кодында:

СЖЦ->ЛР->АБА|123|->ЛС->БАА|321|<=
v v
Қосымша мәтін.

немесе

SVC->LR->ABA|123|->LS->BAA|321|<=
v v
Қосымша мәтін.

IA-5 кодында:

(STX)СЖЦ->ЛР->АБА123->ЛС->БАА321<=
Қосымша мәтін.

немесе

(STX)SVC->LR->ABA123->LS->BAA321<=
Қосымша мәтін.

86. AFTN станциясы осы Нұсқаулықтың 87-тармағына сәйкес құрылған хабарды алған соң, реттік нөмірлерді тексереді және қажет болған кезде хабарларды жеткізу бойынша іс-әрекеттерді орындайды. Кесте бойынша жұмыс істейтін AFTN станциясы арналар бойынша хабарларды алуды және жіберуді станцияның жабылу сәті кезіне қамтамасыз етуге тиіс.

87. Кесте бойынша жұмыс істейтін AFTN станциясының жұмысын қайта жандандыру, аралас станциялармен бар келісімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

## 11. Айналма жолдар бойынша хабарларды жіберу

88. Трафик қозғалысын жеделдету үшін, қажет болған кезде, хабарларды жіберудің белгіленген жолын өзгерту алдын-ала қарастырылады. AFTN-ның әрбір станциясының AFTN-ның тиісті станцияларын пайдаланушы әкімшілікпен келісілген қосалқы жолдар тізбесі болады және оларды қажет болған жағдайда пайдаланады.

89. Егер AFTN станциясында қандай да бір тізбек үшін қосалқы жол қарастырылмаса, онда тізбектің бұзылуы кезінде хабарларды жеткізу жай-күйі AFTN-ның осы екі станциясының әкімшіліктері арасында келісілуге тиіс.

90. Белгіленген жолдарды өзгерту 10 минут уақыты ішінде жүзеге асырылуға тиіс.

91. Айналма тізбек бойынша трафикті жолдау қажеттігі болған жағдайларда, маршруттауды өзгерту арнайы қызметтік хабарлармен алмасудан кейін жүзеге асырылады. Мұндай қызметтік хабарлардың мәтіні мыналардан тұрады:

SVC қысқартуы;

QSP рәсімдік белгісі;

Егер қажет болса, RQ, NO немесе CNL рәсімдік белгісі бағытты өзгертуден бас тарту немесе күшін жою үшін;

оларға бағытты өзгерту таратылатын жол аудандарының, мемлекеттердің, аумақтардың, орналасқан жердің немесе маршруттау станциясының белгіленуі;

мәтін соңының белгісі.

Қызметтік хабарлардың форматы:

жолдардың өзгеруін сұрату үшін (ол арқылы UACC, UASP және UASK станциялары үшін трафикті жолдау жоспарланатын AFTN станциясына жіберіледі):

SVC->QSP->RQ->UACC->UASP->UASK|<=

v

жолдардың өзгеруін қабылдау үшін (UACC, UASP және UASK станциялары үшін айналманы қамтамасыз етуге дайын AFTN станциясына жіберіледі):

SVC->QSP->UACC->UASP->UASK|<=

v

жолдарды өзгертуден бас тарту үшін (UACC, UASP және UASK станциялары үшін айналманы қамтамасыз ете алмайтын AFTN станциясына жіберіледі):

SVC->QSP->NO->UACC->UASP->UASK|<=

v

жолдарды өзгертудің күшін жою үшін (UACC, UASP және UASK станциялары үшін олар арқылы трафик бағытталатын AFTN станциясына жіберіледі):

SVC->QSP->CNL->UACC->UASP->UASK|<=

v

92. Трафиктің бағытын өзгертуді келісуге олардың мәнін анық білдіретін ерікті нысандағы қызметтік хабарлармен жүзеге асыруға рұқсат беріледі.

93. Айналма тізбек бойынша трафикпен алмасу басталған соң, AFTN-ның екі станциясы бұзылған тізбектің әрбір тікелей арналары бойынша соңғы қабылданған және жіберілген арналық реттік нөмірлердің айналма жолдары арқылы алмасуға тиіс. Мұндай алмасу СЖЦ (SVC) қысқартуы, ЛР (LR) ЛС (LS) рәсімдік белгілері мәтініне кіретін, оның артынан тиісті хабарларды жіберудің белгіленуі және мәтін соңының белгісі болатын толық қызметтік хабарлар түрінде жүзеге асырылады.

Қызметтік хабардың форматы (трафикпен алмасу):

ITA-2 кодында:

СЖЦ->ЛР->АБА|123|->ЛС->БАА|321|<=

v v

немесе

SVC->LR->ABA|123|->LS->BAA|321|<=

v v

IA-5 кодында:

(STX)СЖЦ->ЛР->АБА123->ЛС->БАА321<=

немесе

(STX)SVC->LR->ABA123->LS->BAA321<=

Осы форматтағы хабар сондай-ақ, AFTN станциясының кесте бойынша жұмысы кезінде реттік нөмірлерді түзету және реттік нөмірлерді салыстыру қажеттілігі кезінде тікелей арна бойынша беріледі (осы тараудың 10-бөлімі).

Айналма тізбек бойынша осы хабарды алған AFTN станциясы AFTN аралас станциясының алынбаған хабарларын қайталайды және қажет болған жағдайда осы арнадағы қабылдау бойынша реттік нөмірді түзетеді (арна жұмысын қайта жандандыру кезінде хабарды сұратуды болдырмау үшін).

94. Рұқсат етілген уақыт ішінде AFTN желісі арқылы трафикті жіберу мүмкін болмайтыны және хабарлар берілген AFTN станциясында трафиктер жинақталғаны анық бола салысымен, алдағы іс-әрекеттерге қатысты хабарды жіберушімен кеңес алмасу жүзеге асырылады. Егер AFTN-ның тиісті станциясы мен хабарды жіберуші арасында осы жағдайдағы іс-әрекеттерге қатысты қандай да бір алдын-ала келісушілік бар болса, онда мұндай келісу талап етілмейді.

Тиісті трафик санатына немесе басқа жағдайларда хабарды жіберуші мен AFTN-ның тиісті станциясы арасында келісілген кез келген алдын-ала анықталған кезеңге қолданылатын өтудің кез келген белгіленген кезеңі ішінде трафик адресатқа жеткізілмейтіні күтілетін уақыт кезеңі - рұқсат етілген кезең болып табылады.

## 6-тарау. AFTN станциясында хабарлардың өңделуі және оларды алушыларға жеткізу 1. Жалпы ережелер

95. AFTN станциялары хабарлардың, олардың жіберушіден алушыға өтуіне дейінгі процесінде, өңделуін қамтамасыз ету үшін арналған.

96. AFTN станциялары қызметкерлерінің саны мен жұмыс режимі AFTN-ның осы станциясындағы автоматтандыру дәрежесімен және өңделетін хабарлардың көлемімен анықталады.

97. Хабарларды жіберу және қабылдаудағы жеделділікті арттыру үшін аяққы станциялар (АС) ұйымдастырылуы мүмкін. АС-тың жұмыс тәртібі және AFTN байланыс орталығымен өзара іс-қимылы осы Нұсқаулықпен анықталады. АС-тағы жұмыс технологиясын АС бекітілген әкімшілік анықтайды.

98. AFTN станциясының қызметкерлері өз жұмысында жұмыс ерекшеліктерін ескере отырып, AFTN станциясының басшысы әзірлеген лауазымдық нұсқаулықтарды басшылыққа алады.

99. AFTN станциясының барлық қызметкерлері азаматтық авиация ұйымының (филиалының) тиісті кесімдерімен анықталған, сеніп тапсырылған мәліметтерді құпияда сақтауға және таратпауға тиіс.

## 2. AFTN станциясының маршруттық анықтамасы

100. ICAO белгілеген рәсімге сәйкес, тізбектер бойынша трафикті жолдау үшін AFTN станциясының берілген тізбектері бойынша анықтаманың төмендегі элементтерін пайдалану керек:

1) тізбек жұмысының бұзылуы болмаған кезде адресаттың әрбір индексі үшін пайдаланылуға тиісті шығыс тізбегін дұрыс көрсетуші тізілім. Бұл тізілім " станцияның жолдық тізімі" деп аталады (1-тізілім);

2) қарапайым тізбектің жоғалуы жағдайында пайдаланылуға тиісті, шығыс тізбегін көрсететін айналма тізбектердің (қосалқы жолдардың) тізілімі (2-тізілім);

3) әрбір кіріс тізбегін ескере отырып, адресаттар индексін көрсететін, оларға қатысты AFTN байланыс орталығы осы тізбек бойынша қабылдаған хабарларды қабылдауға және жіберуге тиіс кіріс тізбегі үшін жауапкершілік көрсеткіштерінің тізілімі. Бұл тізілім "хабарларды қабылдау үшін жауапкершілік тізімі" деп аталады (3-тізілім);

4) осы тізбек бойынша рұқсат етілген, жіберушілер индекстерінің тізілімі.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген AFTN станциялары үшін тізілімдер өңірлік негізде келісіледі. Негізгі және айналма тізбектерде ақаулық болған жағдайларда, AFTN-ның үшінші станциясы арқылы айналма осы Нұсқаулықтың 5-тарауы 11-бөлімінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы тармақтың 1)-4) тармақшаларында көрсетілген тізілімдер AFTN станциясының әрбір тізбегі үшін құрылуға тиіс.

## 3. Бөлінген мекен-жай және қысқартылған мекен-жай жолы

101. Қабылданған хабарды қайта тарату қажеттілігі кезінде AFTN станциялары мекен-жайды бөлу рәсімін, ал бұл рәсімді пайдалану мүмкін болмаған кезде - қысқартылған мекен-жай жолы рәсімін пайдалануға тиіс.

102. Бөлінген мекен-жай:

1) қабылданған хабарды қайта тарату қажеттілігі кезінде AFTN станциясы қабылданған хабардың мекен-жай жолынан кіру тізбегі бойынша олар үшін жауапты болмайтын адресаттардың барлық индекстерін алып тастайды;

2) тізбекке мекен-жай (лар) жолында (дарында) адресаттардың тек осы тізбекке ғана беруге арналған индекстері бар хабар беріледі.

103. Қысқартылған мекен-жай жолы:
1) қабылданған хабарды қайта тарату қажеттілігі кезінде AFTN станциясы қабылданған хабарда кіру тізбегі бойынша ол жауапты болатын адресаттар индексін анықтайды;
2) Тізбекке мынадай мазмұндағы хабар беріледі:
жаңадан қалыптасқан мекен-жай жолы (жолдар - үш мекен-жай жолын өңдеу кезінде), онда (ларда) осы тізбекке беруге арналған адресаттар индекстері бар;
келесі жолда (дарда) - қабылданған хабар мекен-жай жолдарының толық көшірмесі.

## 4. Айналма тізбектің индексі

104. Осы Нұсқаулықтың 102-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген тізілімдерде немесе осы Нұсқаулықтың 102-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген тізілімдерде немесе осы Нұсқаулықтың 102-тармағы 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген тізілімдерде екі немесе одан артық адресат индекстері бар айналма тізбек бойынша хабар жіберу кезінде хабардың тақырыбына ЖЖЖ (VVV) айналма индексін қосу керек, одан кейін БОС ОРЫННЫҢ 5 позициясы және ӘРІПТІК РЕГИСТРГЕ ҚАЙТА ҚОСУ-дың бір позициясы болады.
AFTN хабарындағы ЖЖЖ (VVV) рәсімдік белгісі 102-тармақ 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген тізімдерді назарға алмауды және бірінші жеделділік индексінен соң көрсетілген барлық мекен-жайлар бойынша қайта тарату үшін жауапкершілікті қабылдайды дегенді білдіреді.

105. Айналма индекспен қабылданған хабарды әрі қарай қайта тарату кезінде ЖЖЖ рәсімдік белгісін AFTN-ның қабылдаушы станциясы алып тастауға тиіс. Мұндай хабардың әрі қарай қайта таратылуы AFTN-ның осы станциясының маршруттық анықтамасына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

## 5. AFTN станцияларында транзиттік хабарларды өңдеу

106. AFTN станцияларында AFTN-ның осы станциясы арқылы қайта тарату жолымен берілген барлық хабарлардың толық көшірмелері кезең бойына жоқ дегенде бір сағат ұзақтықпен сақталады.

107. AFTN станцияларында қайта тарату жолымен берілген барлық хабарларды тану үшін олар бойынша қолданған іс-әрекеттерді анықтау үшін қажетті ақпараты бар жазба 30 күн бойына сақталуға тиіс.
Хабарларды тануға қатысты ереже тақырыпқа, мекен-жайға және шығу көзіне

қатысты хабарлардың бөлігін жазу көмегімен орындалуы мүмкін.

108. Транзиттік хабарларды жіберу кезегі осы Нұсқаулықтың 27-тармағының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. ДД(DD), ФФ(FF), ГГ(GG) және КК(KK) жеделділік индекстері бар хабарларды транзиттік жіберу уақыты 10 минуттан аспауға тиіс. СС(SS) жеделділік индексі бар хабарлар кезектен тыс қайта таратылады.

109. Егер хабарлар осы Нұсқаулықтың 110-тармағының талаптарына сәйкес қайта таратыла алмауы анықталса, айналма тізбектерді пайдалану керек.

110. AFTN станциясын маршруттау ережесі:

1) қажетті іс-әрекетке жағдай тудыра алатын адресаттар индекстері (яғни, тиісті адресаттарға қайта таратуға) мекен-жайға енгізіледі;

2) егер теңестіру функциясының бірінші белгісінің алдында ЖЖЖ рәсімдік белгісі болса, онда хабарды бірінші жеделділік индексінен соң көрсетілген адресаттардың барлық индекстерін ескеріп, қайта тарату керек;

3) хабар алдын-ала ескертусіз, ол қабылданған AFTN станциясына, кері қайта таратылмауы керек;

4) бір мекен-жайлы хабар осы Нұсқаулықтың 102-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген тізілімде маршруттау индексі көрсетілгеніне қарамастан жіберілуге тиіс, егер хабар ол қабылданған тізбектің тек кері арнасы бойынша жіберілуі мүмкін болса, бұл жағдайда да осы тармақтың 3) тармақшасының ережесі қолданылады. Бірдей орналасу индексі бар хабарлар бір мекен-жайлы типтес ретінде қайта таратылуы керек;

5) егер теңестіру функциясының бірінші белгісінің алдында ЖЖЖ рәсімдік белгісі болмаса, көп мекен-жайлы хабар мекен-жай индексі ескеріліп жіберілуге тиіс емес, егер соңғысы кіріс тізбектері үшін жауапкершілік көрсеткіштері тізілімінде болмаса (яғни, осы Нұсқаулықтың 102-тармағы 3)-тармақшасында көрсетілген тізілімде);

6) осы Нұсқаулықтың 102-тармағы 3)-тармақшасының тізілімінде хабар адресаттарының бірде-біреуі болмаған жерде, хабар ЖЖЖ рәсімдік белгісі оның алдында тұрғандай болып барлық адресаттарға қайта таратылуға тиіс (яғни, осы тармақтың 2)-тармақшасының ережесіне сәйкес). Егер мекен-жайлардың біреуіне , ол қабылданған тізбектің тек кері арнасы бойынша хабар жіберілгені мүмкін болса, онда бұл жағдайда осы тармақтың 3)-тармақшасының ережесі қолданылатын болады;

7) егер тізбектің бұзылуы басқа тізбек бойынша айналма маршрутты пайдалануды қажет етпесе (яғни, осы Нұсқаулықтың 102-тармағы 1)-

тармақшасында көрсетілген тізілімде), хабар AFTN байланыс орталығының белгіленген әдеттегі маршруттар тізіліміне сәйкес берілген тізбектер бойынша жіберілуге тиіс (осы Нұсқаулықтың 102-тармағы 2)-тармақшасында көрсетілген тізілімге сәйкес);

8) тақырыптан кейінгі хабарлар бөлігінде AFTN станциясында жасалуы мүмкін жалғыз өзгеріс қысқартылған мекен-жай жолы немесе мекен-жайды бөлу рәсімін қолдануды енгізу болып табылды;

9) осы Нұсқаулықтың 105-тармағы 3)-тармақшасында көрсетілген тізілімде біреуі бар, бірдей шығыс тізбегіне қатысты, екі немесе одан артық индексі бар хабарға қысқартылған мекен-жай жолын немесе мекен-жайды бөлу рәсімін қолдану керек;

10) айналма тізбекті пайдалану кезінде тек индекстері бар, қатардан шыққан тізбекті пайдалануды белгілеген және осы Нұсқаулықтың 102-тармағы 3)-тармақшасында көрсетілген тізілімде бар хабар өзгеріссіз қайта таратылуы мүмкін (ЖЖЖ, қысқартылған мекен-жай болмаса да);

11) айналма тізбекті пайдалану кезінде осы Нұсқаулықтың 102-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген тізілімде индекстері бар (олардың біреуі осы Нұсқаулықтың 102-тармағы 3)-тармақшасында көрсетілген тізілімде бар) кез келген хабарға, басқалары 3)-тармақшада көрсетілген тізілімде, сондай-ақ осы Нұсқаулықтың 102-тармағы 2)-тармақшасының тізілімінде жоқ болған кезде, қысқартылған мекен-жай жолы рәсімін (бірақ бұл жерде ЖЖЖ рәсімдік белгісін енгізу талап етілмейді) немесе мекен-жайды бөлу рәсімін қолдану керек;

12) 3)-тармақшаның тізілімдерінде және 2)-тармақшаның тізілімінде немесе осы Нұсқаулықтың 102-тармағы 1) және 2)-тармақшаларындағы тізілімдерде екі немесе одан артық адресаттар индекстері бар хабарға айналма тізбекті пайдалану кезінде ЖЖЖ индексі және қысқартылған мекен-жай жолы берілуге тиіс немесе мекен-жайды бөлу рәсімін қолдану керек.

## 6. Хабарларды адресатқа жеткізу

111. Халықаралық авиациялық жерүсті электр байланыс қызметінің станциялары осы станция қызмет көрсететін әуеайлақ (әуеайлақтар) шекарасы шегінде орналасқан адресатқа (адресаттарға), ал осы шекаралардың шегінен тыс жерде тек арнайы келісімдер негізінде анықталған адресатқа (адресаттарға) хабарларды жеткізуді жүзеге асырады.

112. Хабарлар жазбаша түрде немесе басқа, AFTN станциясы қарамағында болып табылатын азаматтық авиация ұйымының басшылығы белгілеген, үнемі

пайдаланылатын әдіспен жеткізіледі.

113. ITA-2 кодында хабарды қабылдау кезінде, оны жазбаша түрде жеткізу кезінде хабардың басында үздіксіз бірізділікпен (НННН[NNNN]) алдыңғы хабар соңының белгісі және (ЗЦЗЦ[ZCZC]) осы хабар басталуының белгісі болады. Жеткізілетін хабар соңында хабар соңының белгісі болмауы мүмкін.

114. Осы станцияның адресаттары үшін AFTN станциясы қабылдаған кіріс хабарлары, оларды станцияларда тікелей алушылар алған кезде, экспедиторлар немесе курьерлер жеткізген кезде, оларды әрбір адресатқа тапсыру үшін қатаң қажетті сан данасымен көбейтіледі. Көбейтілген хабарлардың әрқайсысы AFTN станциясындағы хабарларды жеткізуді есепке алу журналында тіркелуге тиіс ( осы Ереженің 6-қосымшасы), онда күні мен уақытын көрсету арқылы беру туралы жазба болады. Басқа әдістермен (АС) жеткізілетін хабарлар бұл журналда белгіленбейді.

115. Ерекше жағдайларда, СС(SS) және ДД(DD) жедел санатты хабарлардың мазмұны тиісті өкіммен анықталған адресатқа немесе лауазымдық тұлғаға, артынан оны адресатқа жеткізу арқылы, телефон, ГГС немесе FAX арқылы беруге болады. Бұл жағдайда хабарды жеткізуді есепке алу журналында тиісті жазба жасалады.

116. Арналып жіберілмеген тұлғаларға хабарлардың көшірмелерін түсіруге және хабарды жіберуге тиым салынады.

117. Адресаттарға хабарларды дер кезінде жеткізу үшін, оларға бұл лауазымдық міндеттермен жүктелетін тұлғалар жауапты болады.

118. AFTN станциясының қызметкерлеріне адресаттарға хабарларды жеткізуге тиым салынады.

## 7. AFTN хабарларын алдын ала анықталған тарату жүйесі

119. Тиісті әкімшіліктер арасында AFTN хабарларын алдын ала анықталған тарату жүйесін пайдалануға қатысты келісімге қол жеткізген кезде, төменде суреттелген мынадай жүйе қолданылады.

120. Алдын ала анықталған тарату жүйесін қолдануға келіскен мемлекеттер арасында хабарларды жіберу кезінде алдын ала анықталған тарату үшін

мекен-жай индексі (PDAI) мынадай болып құрылады:
1) бірінші және екінші әріптер:
осы жүйені қолдануға келіскен және хабарларды жіберудің алдын ала анықталған жолы бойынша оның міндеттемесі бар тізбек бойынша хабар алатын AFTN байланыс орталығының орналасу орны индексінің бірінші екі әрпі;
2) үшінші және төртінші әріптер:
арнайы таратылу қажеттігін көрсететін ЗЗ (ZZ) әріптері;
3) бесінші, алтыншы және жетінші әріптер:
A-Z сериясынан алынған және ішкі және/немесе халықаралық тарату тізілімін (тізілімдерін) білдіретін әріптер, олар AFTN-ның қабылдау байланыс орталығымен пайдаланылуға тиіс;
"Н" (N) және "С" (S) NOTAM және SNOTAM хабарлары үшін бесінші әріп ретінде резервтеледі;
4) сегізінші әріп:
"Ь"(X) толтырушы әрпі немесе A-Z сериясынан ішкі және/немесе халықаралық тарату тізілімін қосымша көрсету үшін алынған әріп, олар AFTN-ның қабылдау байланыс орталығымен пайдаланылуға тиіс.
AFTN хабарларының басы мен аяғы белгілерін шатастыруды болдырмау үшін "ЗЦ" (ZC) "ЦЗ" (CZ) "НН" (NN) әріптерінің комбинациясы пайдаланылмайды.
Алдын ала анықталған тарату индекстерін мемлекетаралық пайдалану кезінде алдын ала анықталған тарату индекстерінің тағайындалуын және осы индекстердің көбейтілуін орындайтын Қазақстан Республикасының AFTN байланыс орталықтарын анықтауды Хабарларды қатынастыру бас орталығы жүзеге асырады.

121. Алдын ала анықталған тарату жүйесін халықаралық, сондай-ақ мемлекет ішінде пайдалану кезінде, Қазақстан Республикасының AFTN-ның бірнеше байланыс орталықтары жұмыс істеуі кезінде, алдын ала анықталған тарату индекстерін тағайындау және осы индекстердің көбеюін орындайтын Қазақстан Республикасының AFTN байланыс орталықтарын анықтауды Хабарларды қатынастыру бас орталығы жүзеге асырады.

122. Алдын ала анықталған тарату жүйесін пайдалану кезінде AFTN станциялары адресаттардың индекстері тізілімдеріне сәйкес алдын ала анықталған тарату үшін олар таңдап алған мекен-жайлар индекстерінің тізілімін жібереді:
адресаттар индекстерін дұрыс қолдануды қамтамасыз ету мақсатында алдын ала анықталған тарату үшін AFTN хабарларын алатын AFTN станцияларына;

ж ә н е

қайталай жіберу туралы сұратуларды өңдеуді жеңілдету мақсатында алдын ала анықталған тарату үшін және адресаттар индекстерін дұрыс пайдалануда жіберушілерге көмек көрсетуде алдын ала анықталған тарату үшін AFTN хабарларын құрайтын жіберушілерге.

## 7-тарау. Есепке алу және есеп беру

123. Барлық аяққы станцияларда (АС) және барлық деңгейдегі хабарларды қатынастыру орталықтарында (ХҚО) осы Нұсқаулықпен анықталатын есепке алу және пайдалану құжатнамасын жүргізу және сақтау ұйымдастырылуға тиіс.

124. АС үшін есепке алу және пайдалану құжатнамасына мыналар жатады:

шығыс жеделхаттардың түпнұсқалары;

хабарларды жеткізуді есепке алу журналы (осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасы);

шығыс хабарлар (қағаз рулондары немесе АРМ мұрағаттары);

жеделхаттарға қол қоюға құқықтары бар лауазымдық тұлғалардың тізімі (осы Нұсқаулықтың 9-қосымшасы);

хабарлардың кідірісі және алынбауы себептерін тексеруді өткізу журналы (осы Нұсқаулықтың 11-тармағы);

АС жауапты авиациялық электр байланысы органының немесе әкімшілігінің бұйрықтарымен немесе өкімдерімен анықталған басқа да құжаттар.

125. Барлық деңгейдегі ХҚО үшін есепке алу және пайдалану құжатнамасына мыналар жатады:

ХҚО оларды жіберу кезіндегі шығыс жеделхаттардың түпнұсқалары;

ХҚО арқылы өткен хабарлардың мұрағаттары;

ХҚО жұмысының журналы (осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасы);

ХҚО-нан жіберілген хабарлар үшін хабарлардың кідірісі мен алынбау себептерін тексеруді өткізу журналы (осы Нұсқаулықтың 11-қосымшасы);

ХҚО арналары бойынша хабарлар трафигі (осы Нұсқаулықтың 8-қосымшасы);

ХҚО қарамағында болып табылатын авиациялық электр байланысы органының немесе әкімшілігінің бұйрықтарымен немесе өкімдерімен анықталған басқа да құжаттар.

126. Жеделхатты жіберген соң AFTN станциясының қызметкері бланкте мынадай мазмұндағы белгілерді жасайды:

жіберілген хабардың (лардың) белгіленуі мен арналық реттік нөмірі;
хабарды (ларды) желіге жіберу уақыты;
AFTN станциясы қызметкерінің қолы.

127. Тәулік аяқталысымен AFTN станциясының қызметкерлері шығыс және транзиттік жеделхаттардың бланкілерін түптейді, оларға датасы, айы, станция қызметкерінің қолы қойылады және мұрағат үшін арнайы белгіленген жерге орналастырылады.

128. Мұрағаттардың барлық түрлерін ұйымдастыру, есепке алу және пайдалану құжатнамасының болуын, сақталуын және жай-күйін AFTN станциясының басшысы қамтамасыз етуге тиіс.

129. Құжатнаманы сақтаудың төмендегі мерзімі белгіленеді:
Шығыс жеделхаттардың түпнұсқалары, бақылау рулондары немесе АРМ мұрағаттары, транзиттік хабарлардың журналдары, ХҚО мұрағаттары - 30 тәулік;

Хабарларды жеткізуді есепке алу, ХҚО жұмысын есепке алу журналдары, хабарлардың кідірісі мен алынбауы себептерін тексеруді өткізу журналы - соңғы жазба күнінен бастап 30 тәулік;
ХҚО арналары бойынша хабарлар трафигі - соңғы жазба күнінен бастап 12 ай (осы Нұсқаулықтың 8-қосымшасы).
Қажет болған кезде AFTN станциясына неғұрлым ұзақ мерзімге сақталатын құжатнаманы орналастыруға рұқсат етіледі.

130. Құжатнаманы жою AFTN-ның осы станциясы үшін белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Көлік
және коммуникациялар министрлігі
Азаматтық авиация комитеті
төрағасының
2004 жылғы 22 қыркүйектегі
N 180 бұйрығымен бекітілген
Авиациялық белгіленген электр
байланысы желісіндегі жұмыс
жөніндегі Нұсқаулыққа

1-қосымша

**ITA-2 хабарының форматы**

| Хабар бөлігі | Хабар бөлігінің компоненті | Компоненттің элементі | Телетайп белгісі |
|---|---|---|---|

Хабар басының белгісі 48-тармақ 2)-тармақшасын қара ZCZC (ЗЦЗЦ)

ТАҚЫРЫП Хабардың белгіленуі 1) БОС ОРЫН бір позициясы

2) Жіберуші станцияға берілген әріп

3) Қабылдаушы станцияға берілген әріп ->...|...

4) Арнаны белгілеу үшін қызмет ететін әріп Мысал: NRA062

5) ЦИФРЛЫҚ РЕГИСТРГЕ ҚОСУ бір позициясы

6) Арналық реттік нөмір (3 цифр)

(Қажет болған кезде) "БОС ОРЫН" бір позициясы 10 белгіден артық емес Қосымша қызметтік белгі Мысал: 270930

Бос орын белгісі БОС ОРЫННЫҢ бес позициясы

ӘРІПТІК РЕГИСТРГЕ ҚОСУ бір позициясы ®®®®® ->->->->->

Теңестіру функциясы КАРЕТКАНЫ ҚАЙТАРУ бір позициясы және ЖОЛДЫ АУЫСТЫРУ бір позициясы <=

Жеделділік Х индексі Тиісті екі әріптік топ ..

МЕКЕН-ЖАЙ А Адресат Б индексі А БОС ОРЫН бір позициясы Сегіз әріптік топ (индекстері)

Р Теңестіру Д функциясы Ы Ң КАРЕТКАНЫ ҚАЙТАРУ бір позициясы және ЖОЛДЫ АУЫСТЫРУ бір позициясы <=

Хабарды жіберу ЦИФРЛЫҚ РЕГИСТРГЕ ҚОСУ |......|
уақыты бір позициясы v
Жіберу үшін хабарды
беру уақытын көрсететін
алты цифрлық топ
"дата-уақыт".
ӘРІПТІК РЕГИСТРГЕ ҚОСУ
бір позициясы
Т Жіберушінің БОС ОРЫН бір позициясы ->......
Ұ индексі Хабарды жіберушіні
Р білдіретін сегіз әріптік
А топ
ШЫҒУ КӨЗІ Қ Жеделділік ЦИФРЛЫҚ РЕГИСТРГЕ ҚОСУ Сигнал
Т белгісі (апат бір позициясы (сигналы)
Ы туралы хабар. N2 телеграф кодының N 10 "внимание"
лар үшін ғана белгісінің бес позициясы
пайдаланылады) ӘРІПТІК РЕГИСТРГЕ ҚОСУ
бір позициясы
(Қажет болған 50-тармақтың 6) -
кезде) 7)-тармақшаларына қара
Міндетті емес
мәліметтер
немесе қосымша
мекен-жай.
Б Теңестіру КАРЕТКАНЫ ҚАЙТАРУ бір <=
Ө функциясы позициясы және
Л ЖОЛДЫ АУЫСТЫРУ
І бір позициясы
Г Мәтін басы (қажет болған кезде)
І адресаттардың нақты
белгіленулері FROM.
STOP т.с.с.
Хабардың Соңғысын қоспағанда,
мәтіні мәтіннің әрбір баспа
жолының соңындағы хабар
мәтіні және КАРЕТКАНЫ
ҚАЙТАРУ бір позициясы
және ЖОЛДЫ АУЫСТЫРУ
бір позициясы

| | | | |
|---|---|---|---|
| МӘТІН | Растау (егер қажет болса) | а) Бір КАРЕТКАНЫ ҚАЙТАРУ, бір ЖОЛДЫ АУЫСТЫРУ б) артынан мәтіннің расталатын бөлігі болатын CFM қысқартуы | |
| | Түзету (егер қажет болса) | а) Бір КАРЕТКАНЫ ҚАЙТАРУ, бір ЖОЛДЫ АУЫСТЫРУ б) артынан алдындағы мәтінде жасалған қатені түзету болатын COR қысқартуы | |
| | Хабар соңының белгісі | 1) ӘРІПТІК РЕГИСТРГЕ ҚОСУ бір позициясы 2) КАРЕТКАНЫ ҚАЙТАРУ бір позициясы және ЖОЛДЫ АУЫСТЫРУ бір позициясы | \|<= v |
| | Рулонды бір бетке берудің біріздiлігі | ЖОЛДЫ АУЫСТЫРУ жеті позициясы | = = = = = = = |
| СОҢЫ | Хабар соңының белгісі | N (Н) әрпінің төрт позициясы (N 14 белгі) | NNNN (НННН) |
| | Хабарларды бөлу белгісі | ӘРІПТІК РЕГИСТРГЕ ҚОСУ он екі позициясы (тек үзбелі таспамен жұмыс кезінде) | \|\|\|...\|\|\| vvv vvv |

---

Шартты белгілеулер | ӘРІПТІК РЕГИСТРГЕ ҚОСУ (N 29 белгі);
v

= ЖОЛДЫ АУЫСТЫРУ (N 28 белгі);

-> БОС ОРЫН (N 31 белгі);

| ЦИФРЛЫҚ РЕГИСТРГЕ ҚОСУ (N 30 белгі);

< Каретканы қайтару (N 27 белгі)

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының

2004 жылғы 22 қыркүйектегі
N 180 бұйрығымен бекітілген
Авиациялық белгіленген электр
байланысы желісіндегі жұмыс
жөніндегі Нұсқаулыққа

2-қосымша

**IA-5 хабарының форматы**

| Хабар бөлігі | Хабар бөлігінің компоненті | Компонент элементі | Телетайп белгісі |
|---|---|---|---|
| | Тақырып басының белгісі | 55-тармақ 1)-тармақшаның 2 абзацына қара | SOH |
| Т А Қ Ы Тақырып жолы | Хабардың белгіленуі | 1) Жіберуші аяққы құрылғыны білдіретін әріп<br>2) Қабылдаушы аяққы құрылғыны білдіретін әріп<br>3) Арнаны білдіретін әріп<br>4) Арналық реттік нөмір | ...... |
| Ы П | (Егер қажет болса) Қосымша қызмет. тік белгі | 1) Бір "БОС ОРЫН"<br>2) жол қалдығынан артық емес | -> |
| | Теңестіру функциясы | Бір КАРЕТКАНЫ ҚАЙТАРУ, бір ЖОЛДЫ АУЫСТЫРУ | <= |
| | Жеделділік | Тиісті екі әріптік топ индексі | .. |
| МЕКЕН-ЖАЙ | Адресат индексі (индекстері) | Бір БОС ОРЫН Сегіз әріптік топ (Мысал: -> EGLLZRZX -> EGLLYKYX-> EGLLACAX) | |
| | Теңестіру функциясы (функциялары) | Бір КАРЕТКАНЫ ҚАЙТАРУ, бір ЖОЛДЫ АУЫСТЫРУ | <= |
| Шығу көзі | Хабарды беру уақыты | Жіберу үшін хабарды беру уақытын білдіретін | ...... |

"дата-уақыт" алты
цифрлық тобы
Жіберуші индексі 1) Бір БОС ОРЫН ...
2) Хабарды жіберушіні
білдіретін сегіз
әріптік топ
Жеделділік Бес белгі
белгісі (апат ( 0/7 ) ( BEL )
туралы хабарлар
үшін телетайп.
тағы жұмыс
кезінде ғана
пайдаланылады)
Тақырып үшін
қосымша ақпарат
Теңестіру Бір КАРЕТКАНЫ ҚАЙТАРУ, <=
функциясы бір ЖОЛДЫ АУЫСТЫРУ
Мәтін басының Бір белгі STX
белгісі ( 0/2 )
Мәтін басы (егер қажет болса)
адресаттардың нақты
белгіленуі FROM. STOP
т.с.с.
МӘТІН Хабар мәтіні Соңғысын қоспағанда,
мәтіннің әрбір баспа
жолының соңындағы хабар
мәтіні және бір
КАРЕТКАНЫ ҚАЙТАРУ, бір
ЖОЛДЫ АУЫСТЫРУ
Растау (егер 1) Бір КАРЕТКАНЫ
қажет болса) ҚАЙТАРУ, бір ЖОЛДЫ
АУЫСТЫРУ
2) CFM қысқартуы, одан
кейін расталған мәтіннің
бөлігі болады
Түзету (егер 1) Бір КАРЕТКАНЫ ҚАЙТАРУ,
қажет болса) бір ЖОЛДЫ АУЫСТЫРУ
2) COR қысқартуы, одан
кейін алдындағы мәтінде

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жасалған қатенің түзетілуі болады | | |
| СОҢЫ | Теңестіру функциясы | Бір КАРЕТКАНЫ ҚАЙТАРУ, бір ЖОЛДЫ АУЫСТЫРУ | <= |
| | Бір бетке беру | Бір белгі ( 0/11 ) | VT біріздiлiгi |
| | Мәтін соңының | Бір белгі ( 0/3 ) | ETX белгісі |

---

Қазақстан Республикасы Көлік
және коммуникациялар министрлігі
Азаматтық авиация комитеті
төрағасының
2004 жылғы 22 қыркүйектегі
N 180 бұйрығымен бекітілген
Авиациялық белгіленген электр
байланысы желісіндегі жұмыс
жөніндегі Нұсқаулыққа

3-қосымша

## ХТК-2 (ITA-2) ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕЛЕГРАФ КОДЫ

| Белгі N | Әріптік регистр | | Цифрлық регистр | Импульстер | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Орысша | Латынша | | Старт | 12345 | Тоқ |
| 1 | А | A | - | A | ZZAAA | Z |
| 2 | Б | B | ? | A | ZAAZZ | Z |
| 3 | Ц | C | : | A | AZZZA | Z |
| 4 | Д | D | "Бұл кім" | A | ZAAZA | Z |
| 5 | Е | E | 3 | A | ZAAAA | Z |
| 6 | Ф | F | | A | ZAZZA | Z |
| 7 | Г | G | | A | AZAZZ | Z |
| 8 | Х | H | | A | AAZAZ | Z |
| 9 | И | I | 8 | A | AZZAA | Z |
| 10 | Й | J | Қоңырау | A | ZZAZA | Z |
| 11 | К | K | ( | A | ZZZZA | Z |
| 12 | Л | L | ) | A | AZAAZ | Z |
| 13 | М | M | . | A | AAZZZ | Z |
| 14 | Н | N | , | A | AAZZA | Z |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 15 | О | O | 9 | A | A A A Z Z | Z |
| 16 | П | P | 0 | A | A Z Z A Z | Z |
| 17 | Я | Q | 1 | A | Z Z Z A Z | Z |
| 18 | Р | R | 4 | A | A Z A Z A | Z |
| 19 | С | S | ' | A | Z A Z A A | Z |
| 20 | Т | T | 5 | A | A A A A Z | Z |
| 21 | У | U | 7 | A | Z Z Z A A | Z |
| 22 | Ж | V | = | A | A Z Z Z Z | Z |
| 23 | В | W | 2 | A | Z Z A A Z | Z |
| 24 | Ь | X | / | A | Z A Z Z Z | Z |
| 25 | Ы | Y | 6 | A | Z A Z A Z | Z |
| 26 | З | Z | + | A | Z A A A Z | Z |

Кез келген регистрде

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 27 | Каретканы қайтару ( < ) | A | AAAZA | Z |
| 28 | жолды ауыстыру ( = ) | A | AZAAA | Z |
| 29 | әріптер (    ) | A | ZZZZZ | Z |
| 30 | Цифрлар (    ) | A | ZZAZZ | Z |
| 31 | Бос орын (->) | A | AAZAA | Z |
| 32 | БЛАНК | A | A A A A A | Z |

| Белгі | Тұйық тізбек | Қос ток |
|---|---|---|
| A | Токтың болмауы | Кері ток |
| Z | Оң ток | Оң ток |

Ч - цифрлық регистрдегі N 18 белгі
Ш - цифрлық регистрдегі N 7 белгі
Щ - цифрлық регистрдегі N 8 белгі
Э - цифрлық регистрдегі N 6 белгі
Ю - цифрлық регистрдегі N 10 белгі
ОРЫСША регистрі N 32 белгіге сәйкес келеді

Қазақстан Республикасы Көлік
және коммуникациялар министрлігі
Азаматтық авиация комитеті
төрағасының
2004 жылғы 22 қыркүйектегі

N 180 бұйрығымен бекітілген
Авиациялық белгіленген электр
байланысы желісіндегі жұмыс
жөніндегі Нұсқаулыққа

4-қосымша

## N 5 (IA-5) ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОДЫ

| | | | | | Н0 кестесі | | | | | | | | Н1 кестесі | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | b7 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 | 1 | 1 | 1 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 | 1 | 1 | 1 |
| | | | | b6 | 0 | 0 | 1 | 1 | 0 | 0 | 1 | 1 | 0 | 0 | 1 | 1 | 0 | 0 | 1 | 1 |
| | | | | b5 | 0 | 1 | 0 | 1 | 0 | 1 | 0 | 1 | 0 | 1 | 0 | 1 | 0 | 1 | 0 | 1 |
| | | | | Р/с | 0 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 0 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| b4 | b3 | b2 | b1 | N | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | ПУС | АР1 | Бос орын | 0 | @ | P | ` | p | ПУС | АР1 | Бос Орын | 0 | ю | п | Ю | П |
| 0 | 0 | 0 | 1 | 1 | ТБ | (СУ1) | ! | 1 | A | Q | a | q | ТБ | (СУ1) | ! | 1 | а | я | А | Я |
| 0 | 0 | 1 | 0 | 2 | МБ | (СУ2) | " | 2 | B | R | b | r | МБ | (СУ2) | " | 2 | б | р | Б | Р |
| 0 | 0 | 1 | 1 | 3 | МС | (СУ3) | # | 3 | C | S | c | s | МС | (СУ3) | # | 3 | ц | с | Ц | С |
| 0 | 1 | 0 | 0 | 4 | КП | СТП | О | 4 | D | T | d | t | КП | СТП | О | 4 | д | т | Д | Т |
| 0 | 1 | 0 | 1 | 5 | КТМ | НЕТ | % | 5 | E | U | e | u | КТМ | НЕТ | % | 5 | е | у | Е | У |
| 0 | 1 | 1 | 0 | 6 | ДА | СИН | & | 6 | F | V | f | v | ДА | СИН | & | 6 | ф | ж | Ф | Ж |
| 0 | 1 | 1 | 1 | 7 | ЗВ | КБ | ' | 7 | G | W | g | w | ЗВ | КБ | ' | 7 | г | в | Г | В |
| 1 | 0 | 0 | 0 | 8 | ВШ | АН | ( | 8 | H | X | h | x | ВШ | АН | ( | 8 | х | ь | Х | Ь |
| 1 | 0 | 0 | 1 | 9 | ГТ | КН | ) | 9 | I | Y | i | y | ГТ | КН | ) | 9 | и | ы | И | Ы |
| 1 | 0 | 1 | 0 | 10 | ПС | ЗМ | * | : | J | Z | j | z | ПС | ЗМ | * | : | й | з | Й | З |
| 1 | 0 | 1 | 1 | 11 | ВТ | АР2 | + | ; | K | [ | k | { | ВТ | АР2 | + | ; | к | ш | К | Ш |
| 1 | 1 | 0 | 0 | 12 | ПФ | РФ | , | < | L | \ | l | \| | ПФ | РФ | , | < | л | э | Л | Э |
| 1 | 1 | 0 | 1 | 13 | ВК | РГ | - | = | M | ] | m | } | ВК | РГ | - | = | м | щ | М | Щ |
| 1 | 1 | 1 | 0 | 14 | Шығ. | РЗ | . | > | N | ^ | n | - | Шығ. | РЗ | . | > | н | ч | Н | Ч |
| 1 | 1 | 1 | 1 | 15 | кі. рiс | РЭ | / | ? | O | _ | o | ЗБ | Кі. рiс | РЭ | / | ? | о | ъ | О | ЗБ |

Ағылшын тіліндегі белгіленулермен сәйкестігі:

0/1 - SOH - ТБ (тақырып басы);

0/2 - STX - МБ (мәтін басы);

0/3 - ETX - МС (мәтін соңы);

0/7 - BEL - ЗВ (жеделділік белгісі);

0/10 - LF - ЖА (жолды ауыстыру)

0/11 - VT - ВТ (бір бетке беру);
0/13 - CR - КҚ (каретканы қайтару)
0/14 - SO - ВЫХ (Н1 кестесімен жұмыс);
0/15 - SI - ВХ (Н0 кестесімен жұмыс ).

Қазақстан Республикасы Көлік
және коммуникациялар министрлігі
Азаматтық авиация комитеті
төрағасының
2004 жылғы 22 қыркүйектегі
N 180 бұйрығымен бекітілген
Авиациялық белгіленген электр
байланысы желісіндегі жұмыс
жөніндегі Нұсқаулыққа
5-қосымша

## ОРЫС СӨЗДЕРІН ЛАТЫН ӘРІПТЕРІМЕН ЖАЗУ ҮШІН ХАБАРЛАРДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ОРЫС ӘЛІПБИІНІҢ ЛАТЫН ӘРІПТЕРІНЕ СӘЙКЕС КЕЛУІ

| Орысша | Латынша | Орысша | Латынша |
|---|---|---|---|
| А а | A a | Р р | R r |
| Б б | B b | С с | S s |
| В в | W w | Т т | T t |
| Г г | G g | У у | U u |
| Д д | D d | Ф ф | F f |
| Е е | E e | Х х | H h |
| Ж ж | V v | Ц ц | C c |
| З з | Z z | Ч ч | C H c h |
| И и | I i | Ш ш | S H s h |
| Й й | J j | Щ щ | Q q |
| К к | K k | Ы ы | Y y |
| Л л | L l | Ь ь | X x |
| М м | M m | Э э | E e |
| Н н | N n | Ю ю | I u i u |
| О о | O o | Я я | I a i a |
| П п | P p | | |

Қазақстан Республикасы Көлік
және коммуникациялар министрлігі

Азаматтық авиация комитеті
төрағасының
2004 жылғы 22 қыркүйектегі
N 180 бұйрығымен бекітілген
Авиациялық белгіленген электр
байланысы желісіндегі жұмыс
жөніндегі Нұсқаулыққа

6-қосымша

**ХАБАРЛАРДЫ ЖЕТКІЗУДІ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖУРНАЛЫ**

___________________________________

(кәсіпорын атауы)

AFTN станциясына келіп түскен

" "______________ 20__ ж. басталды

" "______________ 20__ ж. аяқталды

Журналдың мазмұны:

| р/с N | Қабылданған хабар көзі | Адресат индексі | Тапсыру уақыты | Алушының қолы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

1 графада ауысым бойына станцияға келіп түскен хабарлардың санын көрсететін 1-ден ... нөміріне дейін тәртіп бойынша нөмірлерді жазу жүзеге асырылады.

2 графада қабылданған хабардың шығу көзі жазылады.

3 графада осы хабар жолданған адресаттың индексі жазылады.

Ерекше жағдайларда 5 графада "Телефон (ҒАХ) бойынша жіберілді" деген жазба жазылады және осы жіберуді жүзеге асырған тұлғаның қолы қойылады.

Қазақстан Республикасы Көлік
және коммуникациялар министрлігі
Азаматтық авиация комитеті
төрағасының
2004 жылғы 22 қыркүйектегі
N 180 бұйрығымен бекітілген
Авиациялық белгіленген электр
байланысы желісіндегі жұмыс

жөніндегі Нұсқаулыққа

7-қосымша

________________________________________

(кәсіпорын атауы)

**ХҚО жұмысының**

**ЖУРНАЛЫ**

" "______________ 20__ ж. басталды

" "______________ 20__ ж. аяқталды

Журналдың мазмұны:

| Күні | Мазмұны | Қолы |
| --- | --- | --- |
| 1 | 2 | 3 |

**Журналды жүргізу тәртібі**

Журналды ХҚО диспетчері (телеграфшысы) жүргізеді.

Журналда жазбалар жасалады:

кезекшілікті қабылдау, ХҚО жұмысқа дайындығы, кезекшілікті тапсыру туралы;

қосылу, өшірілу және ХҚО жұмысындағы барлық тәртіп бұзушылықтар туралы;

ХҚО арналарының жұмысындағы тәртіп бұзушылықтар, арна болмаған кездегі персоналдың іс-әрекеттері туралы;

ХҚО маршруттық анықтамасындағы өзгерістер, жаңа конфигурацияны сақтау туралы;

кезекшілік кезінде лауазымдық тұлғалардан келіп түскен нұсқаулар және өкімдер туралы;

лауазымдық тұлғалардың тексеру нәтижелері.

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 180 бұйрығымен бекітілген Авиациялық белгіленген электр байланысы желісіндегі жұмыс жөніндегі Нұсқаулыққа

8-қосымша

________________________________________

(кәсіпорын атауы)

**ХҚО хабарларының ТРАФИГІ**

20____ ж. _____________ айы үшін

| р/с N | Арна | Қабылданды (ЛР) | | | Жіберілді (ЛС) | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жалпы саны | Қабылданғандар | | Жалпы саны | Жіберілгендер | |
| | | | Неформ. | ЦХ | | СЖЦ | ЦХ |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| БАРЛЫҒЫ | | | | | | | |

ХҚО пайдалану үшін жауапты тұлғаның қолы ____________________

Жолдар саны ХҚО қосылған арналар санымен анықталады.

Кестені ХҚО-ның тәуліктік статистикасы бойынша ХҚО пайдалану үшін жауапты тұлға толтырады.

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 180 бұйрығымен бекітілген Авиациялық белгіленген электр байланысы желісіндегі жұмыс жөніндегі Нұсқаулыққа

9-қосымша

**Жеделхаттарға қол қою құқығы бар лауазымдық тұлғалар ТІЗІМІ**

| р/с N | Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты | Жіберушінің индекс(тер) | Жеделділік санаты | Қол қою үлгісі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

Кәсіпорын басшысының қолы, күні

КЕЛІСІЛДІ

(Кәсіпорынның AFTN станциясы үшін жауапты тұлға)

Қазақстан Республикасы Көлік
және коммуникациялар министрлігі
Азаматтық авиация комитеті
төрағасының
2004 жылғы 22 қыркүйектегі
N 180 бұйрығымен бекітілген
Авиациялық белгіленген электр
байланысы желісіндегі жұмыс
жөніндегі Нұсқаулыққа
10-қосымша

## AFTN ЖЕЛІСІНІҢ ХАБАРЛАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН НӨМІРЛЕНБЕГЕН БЕЛГІЛЕР

ADS (АДС) - мекен-жай;
DUPE (ДУПЕ) - қайталай;
EXP - күтілді;
CFM (ЦФМ) - растау;
CH (ЦХ) - тексеру;
CNL - болдырмау;
COR (ЦОР) - түзету;
LC (ЛС) - соңғы жіберілген;
LR (ЛР) - соңғы қабылданған;
MIS (МИС) - жоқ;
MSR (МСР) - жіберілді;
NNNN (НННН) - хабар соңының белгісі;
NO - жоқ;
OGN (ОГН) - шығу көзі;
QJH - байқау;

QSP - жіберу;
QTA (ЩТА) - күшін жою;
R (Р) - қабылданды;
RPT (РПТ) - қайталаңыз;
RQ - өтініш;
SVC (СЖЦ) - қызметтік;
VVV (ЖЖЖ) - айналма белгісі;
ZCZC (ЗЦЗЦ) - хабар басы.

Қазақстан Республикасы Көлік
және коммуникациялар министрлігі
Азаматтық авиация комитеті
төрағасының
2004 жылғы 22 қыркүйектегі
N 180 бұйрығымен бекітілген
Авиациялық белгіленген электр
байланысы желісіндегі жұмыс
жөніндегі Нұсқаулыққа
11-қосымша

## Хабарлардың кідіру немесе оларды алмау себептерін тексеруді жүргізу ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Тексеру, қоса тіркелген алгоритмдердің біреуіне сәйкес, AFTN станцияларында жүргізіледі.

Хабарлардың өту мерзімін, желінің қолданылып жүрген сұлбасы мен станциялардың жұмыс тәртібін ескеріп, AFTN станциялары анықтайды, осы Нұсқаулықтың 26-тармағы, 2) тармақшасы, 39-тармағы 2) тармақшасы және 110-тармағы. Сөйтіп, КК жеделділік индексі бар көлемі 160 белгіге дейінгі хабарлардың AFTN-ның екі қайта тарату станциялары арқылы өтуі кезінде рұқсат етілген өту уақыты 50 минутты құрайды.

Хабарлардың кідіру себептерін тексеру алушының тапсырысы бойынша AFTN-ның тағайындалған станциясында жүргізіледі.

Хабарларды алмау себептерін тексеру жөнелтушінің тапсырысы бойынша AFTN-ның жөнелту станциясында жүргізіледі.

Хабарлардың кідіру немесе оларды алмау себептерін тексеруді жүргізуге тапсырыс, AFTN станциясында сақталатын, "Хабарлардың кідіру немесе оларды алмау себептерін тексеруді жүргізу журналында" ресімделеді.

Тексеруге сұраныс және тексеру нәтижесі бойынша жауаптар қызметтік

хабарлар сияқты ресімделуге тиіс. Осындай қызметтік хабарларда тексерілетін хабарға сілтеу хабар мен хабар көзін белгілейтін тиісті топтар көмегімен жүргізіледі.

Тергеуге сұраныс СЖЦ (SVC) қысқартуынан басталуға тиіс, одан кейін сұраныс мәнін түсінікті білдіретін еркін түрдегі мәтін жүреді. Тексеруге қатысатын барлық станциялар, қажет болғанда, үшінші станцияға сұраныс, ал сұраныстың көшірмесін - тексеруді бастаған станцияға жіберуге тиіс (осы станцияның мекен-жайы түскен сұраныстың мәтінінен - КӨШІРМЕ сөзінен кейін анықталады). Сұраныс нысаны:

КК УАААЫФЫЬ УАРРЫФЫЬ
121350 УАТТЫФЫЬ
УАРРЫФЫЬ КӨШІРМЕСІ
СЖЦ 121100 УААAЗТЗЬ ҚАБЫЛДАНДЫ АТА437 1345 ЖІБЕРІЛДІ АРА223 1346 УАРРЗТЗЬ АДРЕСАТЫ ҮШІН
КІДІРУ СЕБЕПТЕРІН ТЕКСЕРУДІ СҰРАЙМЫН

Тексеру бойынша жауап мәтіні СЖЦ (SVC) қысқартуынан басталуға тиіс, одан кейін сұратылған хабардың өтуіндегі бұзу себептерінің мәнін түсінікті білдіретін еркін түрдегі мәтін болады. Жауап нысаны:

КК УАРРЫФЫЬ
121440 УАААЫФЫЬ
СЖЦ 121100 УААAЗТЗЬ ҚАБЫЛДАНДЫ АДА112 1102 ЖІБЕРІЛДІ АТА437 1345 ДЛУАРРЗТЗЬ АДРЕСАТЫ ҮШІН
КІДІРУ СЕБЕБІ - АЛМАТЫ ЦКС БҰЗЫЛУЫ

Тапсырысты алған AFTN станцияларында тексеру дереу басталуы керек.

AFTN станцияларында тексеру, сұраныс түскен сәттен бастап, бір сағаттан аспауы керек.

Тексеру нәтижелері тексеруді жүргізуге тапсырыс түскен AFTN станцияларында "Хабарлардың кідіру немесе оларды алмау себептерін тексеруді жүргізу журналында" тіркеледі.

Қажет болғанда, тапсырыс түскен станция қызметтік хабарды сұратылған хабардың жүру маршруты бойынша кез келген станцияға жібере алады.

**"Хабарлардың кідіру немесе оларды алмау себептерін тексеруді жүргізу журналының" нысаны**

| Тапсырысты беру күні мен | Тапсырыс мазмұны, оны берген тұлғаның тегі және | Тапсырысты алған тұлғаның лауазымы және тегі | Тексеру нәтижесі | Нәтиже туралы хабарланды: Кімге | Қашан (күні, | Хабарлаған тұлғаның |
|---|---|---|---|---|---|---|

уақыты | телефоны | | | |уақыты)|қолы

---

**Хабарлардың кідіру немесе оларды алмау себептерін тексеруді жүргізу алгоритмі**

Кідірілген хабарлар бойынша Алынбаған хабарлар бойынша

Схеманы қағаз мәтіннен қараңыз

Қазақстан Республикасы Көлік
және коммуникациялар министрлігі
Азаматтық авиация комитеті
төрағасының
2004 жылғы 22 қыркүйектегі
N 180 бұйрығымен бекітілген
Авиациялық белгіленген электр
байланысы желісіндегі жұмыс
жөніндегі Нұсқаулыққа
12-қосымша

## ХАБАРЛАР ФОРМАТТАРЫ

### Мекен-жай индекстерінің мүмкін болатын түрлері (Нұсқаулықтың 36-тармағы 1-тармақшасы)

УАААЗТЗЬ УААА-дағы (ЗТЗ) әуеайлақтық диспетчерлік пункті

УАЦЦЫМЫА УАЦЦ-дағы (ЫМЫ) метеорологиялық органның (А) секциясы

УАТЕКЗКБ УАТЕ-дағы КЗК ұшу-пайдалану агенттігінің (Б) бөлімі

УАААЫЫЫЬ атауы хабар мәтінінің басында көрсетілген УААА пунктіндегі ұшу-пайдалану агенттігі

УАТТЗЗЗЬ (УАТТ) авиациялық станциясы авиациялық жылжымалы қызметтің көмегімен тану индексі хабар мәтінінің басында көрсетілген әуе кемесінің бортына осы хабарды қайта таратуға тиіс.

ICAO-ның шартты үш әріпті белгісі ЗЗЗ (ZZZ) (осы Нұсқаулықтың 36-тармағы 1) тармақшасы):

GABCD әуе кемесіне UATT авиациялық станциясы арқылы жіберілген және NZZC аудандық диспетчерлік пунктінен шыққан хабардың форматы келесі түрде болады:

(Мекен-жай) FF UATTZZZX

(Хабар көзі) 031451 NZZCZRZX

(Мәтін) GABCD CLR DES 5000FT HK NDB

Рулондық (беттік) түрдегі телетайпта басылған хабардың тақырыбы мен соңы бұл жағдайда көрсетілмеген.

Әуе кемесі бортынан жіберілетін хабарлар форматы

(Нұсқаулықтың 36-тармағы 2) тармақшасы)

UATT авиациялық станциясы арқылы CZEG-дегі аудандық диспетчерлік орталығына жолданған хабарды KLM153 әуе кемесі бортынан жіберген жағдайда , онда осы хабар осы станцияда өңделеді және мынандай түрде болады:

(Мекен-жай) FF CZEGZRZX

(Хабар көзі) 031821 UATTZZZX

(Мәтін) KLM153 [қалған мәтін әуе кемесінің бортынан қандай түрде алынса, сол түрде келтіріледі].

Рулондық (парақтық) телетайпта басылған хабардың тақырыбы мен соңы осы жағдайда көрсетілмеген.

Кірістірме форматы

(осы Нұсқаулықтың 70-тармағын қара)

ITA-2 кодында:

<=МӘТІН ТЕКСЕРІЛСІН (ТЕКСЕРІҢІЗ)

ҚОСЫЛДЫ->ЖАҢА->СОҢЫ->УАААЫФЫ||<=

v

========НННН

Немесе

<=CHECK

TEXT

NEW->ENDING->ADDED->UAAAYFYX||<=

v

========NNNN

IA-5 кодында:

<=МӘТІН ТЕКСЕРІЛСІН (ТЕКСЕРІҢІЗ)

ҚОСЫЛДЫ->ЖАҢА->СОҢЫ->УАААЫФЫЬ<=

(VT)(ETX)

Немесе

<=CHECK

TEXT

NEW->ENDING->ADDED->UAAAYFYX<=

(VT)(ETX)

Еркін нысандағы қызметтік хабардың форматы

(осы Нұсқаулықтың 77-тармағын қара)

Ф Ф У А А А Ы Ф Ы Ь

1 2 1 3 1 4 У А Р Р Ы Ф Ы Ь

СЖЦ ҚАЙТАЛАҢЫЗ 140018 УАААЫМЫЬ МЕКЕН-ЖАЙЫ ҮШІН У А Р Р Ы М Ы Ь

Н е м е с е

F F U A A A Y F Y X

1 2 1 3 1 4 U A R R Y F Y X

SVC REPEAT 140018 UAAAYMYX FOR ADDRESS UARRYMYX

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК